

Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясы

Қолжазба құқығында

АХМЕТОВ АЙБЕК АЙДАНҰЛЫ

«Қазақстан Республикасы ІІМ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде кәсіби дайындықтың заманауи педагогикалық технологиялары»

6D030300 – Құқық қорғау қызметі

Магистр дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертация

Ғылыми консультант
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Г.С. Имажанова

Қазақстан Республикасы
Қарағанды, 2020

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР..... Ошибка! Закладка не определена.
КІРІСПЕ Ошибка! Закладка не определена.

1 ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

1.1 Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі заманауи педагогикалық технологиялар ұғымы, мәні мен даму тенденциясы Ошибка! Закладка не определена.

1.2 Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі педагогикалық технология түрлері мен оларды сабақта қолдану әдіснамасы **Ошибка!**
Закладка не определена.

2. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ ҮШІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАР ДАЯРЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

2.1 ҚО жүйесіне оқытушыны даярлау бойынша біліктілікті арттырудың қашықтықтан оқыту курсының моделін құру

2.2 Қашықтықтан оқыту жүйесінде оқытушыны дайындау үшін қашықтықтан оқыту курсы өткізу кезеңдерінің сипаттамасын әзірлеу.

2.3 Қашықтықтан оқыту жүйесінде жұмыс істеуге оқытушыны дайындау үшін қашықтықтан оқыту курсы жүзеге асырудың эксперименталды апробациясы

ҚОРЫТЫНДЫ..... Ошибка! Закладка не определена.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ Ошибка! Закладка не определена.

ҚОСЫМШАЛАР **141**

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР ТІЗІМІ

- ИОТ– интерактивті оқу технологиясы
- ҚО – қашықтықтан оқыту
- ҚОТ – қашықтықтан оқыту технологиялары
- АКТ – ақпараттық және коммуникациялық технологиялар
- АБО – ақпараттық білім беру ортасы
- ЖЕФ – жалпыланған еңбек функциялары
- ОЖ – операцияндық жүйе
- ББМ – білім беру мекемесі
- БА – біліктілікті арттыру
- КС– кәсіби стандарт
- ЕҚ – еңбек қызметі
- ОӘК – оқу-әдістемелік кешен
- СБР – сандық білім ресурсы
- ЭО – электронды оқыту
- LMS – Learning management system (оқытуды басқару жүйесі)

ТЕРМИНДЕР СӨЗДІГІ

Блог (ағылш. *Blog, web log* - интернет-журнал оқиғалар, интернет-күнделік, онлайн-күнделік)- - веб-сайт, негізгі мазмұн және мәтін, суреттер мультимедиа түріндегі қосымша жазбалар (<https://ru.wikipedia.org/wiki/Блог>);

Веб-квест *web* – дүниежүзілік желі, іздеу- проблемалық рөлдік ойын элементтері, орындау үшін Интернет желісінің ақпараттық ресурстары пайдаланылады (Берни (Bernie Dodge) және Том Марч March)

<http://webquest.org/index.php>);

Веб-форум - сайт (немесе тиісті бағдарламалық қамтамасыз ету) интернет-қарым-қатынас (<https://ru.wikipedia.org/wiki/Веб-форум>).

Вебинар - бұл қашықтықтан білім беруге арналған вербалды (аудио), бейне және эпистолярлық (мәтіндік) интерактивті оқу сабақтарының түрі (Андреев А.А. Обучение в сети Интернет).

Бейнеконференцбайланыс- бұл аппараттық- бағдарламалық коммуникация көмегімен бір мезгілде екі және одан да көп пайдаланушы арасында бейне және дыбыс беруді қамтамасыз етуші технология (<http://trueconf.ru/vi-deokonferentssvyaz/>).

Виртуалды аудитория (сынып, оқушылар тобы) - қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылар тобын оқыту-тәрбиелеу процесіне ұйымдастыру (Теория и практика дистанционного обучения. Под редакцией д.п.н., профессора Е.С.Полат.)

Қашықтықтан білім алу (беру) – қашықтықтан оқыту түрінде жүзеге асырылатын білім (Теория и практика дистанционного обучения. Под редакцией д.п.н., профессора Е.С.Полат.)

Ақпараттық – коммуникациялық технология (АКТ)- есептеу техникасы мен телекоммуникация құралдарын қолдану арқылы жүзеге асырылатын ақпараттық процестер мен ақпаратпен жұмыс істеу әдістері.

Онлайн оқыту (on-line learning) - ақпараттық-телекоммуникациялық желі көмегімен оқыту.

Офлайн оқыту (off-line learning)- ақпараттық-телекоммуникациялық желіге қосылмастан компьютер көмегімен оқыту.

Білім беру контенті - білім беру процесінде пайдаланылатын құрылымдық пәндік мазмұн.

Қашықтықтан оқытудың педагогикалық технологиялары – таңдалып алынған оқыту концепциясына сәйкес қашықтықтан оқытудың оқыту-тәрбиелеу үрдісін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін оқыту тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы.

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы //Егеменді Қазақстан.– 2012.– 15-желтоқсан
3. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. //Алматы: Юрист, 2007.– 42 б.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
5. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.
6. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы 24.10.2011ж. №407-IV. – Астана, 2011. (29.09.2014 ж. өзгерістер енгізілген). <http://adilet.zan.kz>.
7. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің 01.03.2016 ж. №205 Жарлығы. – Астана, 2016.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген.

Бұл міндеттерді шешу үшін әр оқытушының күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәрбиеге, жаңа қарым - қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Сондықтан да, әр оқытушы өз әрекетінде қажетті өзгерістерді, әр түрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды, жаңа әдіс тәсілдерді кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл ауқатының өсуі: Табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар сонау бала кезден қалыптасады. Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда» [1], - деп атап көрсетуі жоғары оқу орындарында білім алушыларды мобильділік, көшбасшылық, кәсіби құзыреттілік таныта алатын маман ретінде оқытудың қажеттігін білдіреді.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Осыған орай, алдыңғы қатарлы идеялар мен педагогикалық технологияларды практикалық тұрғыдан жаңарту және оларды ғылыми тұрғыда негіздеу бағытындағы жұмыстар жүргізілуде.

Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында жұмыс жасайтын, сондықтан да қоғамдағы барлық өзгірістер мен үдірістерге жылдам жауап бере алтын маңызды әлеуметтік институт болып табылады.

Қазақстан, Республикасының білім және ғылым министрлігінен алынған мәліметтер бойынша елімізде жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіне соңғы 3 жыл ішінде төмендегідей қаражат жұмсалған: 2015 жылы **144 млн 514 мың**, 2016 жылы **140 млн 037 мың**, 2017 жылы **187 млн 986 мың** теңге¹. Бұл көрсеткіштер қоғам үшін білім алудың маңыздылығын белгілейді.

Жаңа педагогикалық технологияларды қолданысқа енгізуде оқу - тәрбие үрдісінің қолайлылық жағдайын туғызу, оның базалық қорын жасау - жұмыс сапасының негізі болып табылады.

¹ Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жай-күйі және дамуы туралы Ұлттық баяндама, -2016. С. Ырсалиев, А. Құлтуманова. – Астана: «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, 2017 – 482 бет.

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың (АКТ) қарқынды дамуы қазіргі қоғамның ақпараттық ортасын өзгертіп, әлеуметтік қарым-қатынастағы көзқарастарды қайта қарастыруды қажет етіп жатыр.

Қазіргі таңда білім алудың жаңа ақпараттық технологияларға негізделген әдісі өз өміршендігін дәлелдеуде. Бүкіл әлемді дүр сілкіндірген коронавирус (COVID-19) пандемиясына байланысты жаппай карантин шараларының енгізілуі барлық деңгейдегі білім беру жүйелерін қашықтықтан білім алу жүйесіне алып келді². Қашықтықтан оқыту – бұл да заманауи оқыту технологияларының бір түрі, ол аудиторияда оқытушымен тікелей өткізілетін сабаққа қатыспайтын студенттерге бағытталған оқыту жүйесі болып табылады. Демек, біздің қоғамымыз үшін қазір өмір талабына сәйкес қашықтықтан оқыту технологиясына негізделген бірнеше білім беру әдістерімен үйлестірілген жаңа бағыттағы оқыту әдістеріне мұқтажбыз.

Зерттелу дәрежесі. Заманауи педагогикалық технологияларды зерделеу мәселесіне К. Бабанский, В.П. Беспалько, Ю.С. Брановский, П.Я. Гальперин, М.В. Кларин, И.Б. Котов, В.С. Лазарев сияқты ғалымдар, соның ішінде қашықтықтан оқыту технологиясы жайлы С.М. Авдеева, С.В. Алексахин, Н.В. Беляева, Л.Л. Босова, Л.П. Мартиросян, С.В. Калмыкова, А.Н. Корякина, Т.А. Лавина, С.В. Панюкова, И.В. Роберт, Д.Т. Рудакова, Л.А. Серых, Н.В. Софронова, А.Ю. Уваров и др. және тағы басқа ғалымдар өз еңбектерін арнаған.

Зерттеу мақсаты. Қазіргі жаңа педагогикалық технологиялар теориясы негізінде Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беруді жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды негіздеу.

Зерттеу міндеттері.

- заманауи педагогикалық технологиялар ұғымы, мәні мен түрлерін қарастыру;
- қазіргі заманғы инновациялық технологиялар мазмұнын ашу;
- қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың пайдалану қызметі бойынша топтастырылуына сипаттама беру;
- білім беру жүйесінде қолданылатын технологиялық карта және оны сабақ үрдісінде тиімді қолдану шарттарын бағалау;
- модульдік оқыту технологиясын жетілдіру жолдарын қарастыру;

Зерттеу объектісі Еліміздегі жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі заманауи педагогикалық технологиялардың көрсеткіштері, осы қатынастарды реттеуші заңнама нормалары болып танылады.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері. Қойылған мақсатқа жету және міндеттерді шешу үшін келесі зерттеу әдістері қолданылды:

-теориялық-психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді, зерттелетін мәселе аспектісінде нормативтік-құқықтық құжаттарды, диссертациялық зерттеулерді талдау; кәсіптік білім беру ұйымдарында қашықтықтан ДК процесін моделдеу, ғылыми-теориялық және тәжірибелік-

² Мәмиля ЖАҚЫПБЕКОВА Пандемия кезіндегі қашықтықтан оқыту: ой, түйін, мәселе// <https://7-su.kz/news/cat-12/7278/>

эксперименттік мәліметтерді жүйелеу; бөлінген компоненттер мен сипаттамаларды жіктеу;

- эмпирикалық-диагностикалық (сауалнама жүргізу); обсервациялық (бақылау – тікелей және жанама, ұзақ және қысқа мерзімді); эксперименталды (экспериментті нақтылаушы және сипаттаушы);

- статистикалық-алынған мәліметтерді өлшеу(статистикалық материалды жинау, рейтингтік бағалау); эксперименттің сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтау және өңдеу.

Зерттеудің теориялық базасын Мейірманқұлова Т., Бұзаубақова К.Ж., Сарбасова Қ.А., Өстеміров К., Айтбаева А., К. Бабанский, В.П. Беспалько, Ю.С. Брановский, П.Я. Гальперин, М.В. Кларин, И.Б. Котов, В.С. Лазарев және басқалардың еңбектері қалайды.

Зерттеудің нормативтік негізін Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы, қызметтерін ұйымдастыруға байланысты бірқатар заңға тәуелді актілер құрайды.

Зерттеудің эмпирикалық базасын жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үрдісіне байланысты сауалнамалар мен интервью материалдары құрамақ.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі кәсіби дайындықтың заманауи технологияларын жетілдіру бойынша авторлық ұсыныстар жасау түрінде көрініс таппақ.

Зерттеудің практикалық мәні зерттеу материалдары бойынша жасалған қорытындылар мен ұсыныстар жоғары оқу орындарында сабақ беру үрдісінде әдістемелік құрал ретінде пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу Диссертацияның негізгі теориялық және тәжірибелік мәні бар нәтижелері автордың екі ғылыми мақаласында жарияланған.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы жаңа педагогикалық әдістерді өзара үйлестіру мүмкіндігі қарастырылып, ҚО жүйесінде жұмыс істеу үшін оқытушыны дайындауды ұйымдастыру-педагогикалық қамтамасыз ету әзірленді, ол ҚО жүйесінде жұмыс істеу кезінде оқытушының құзыреттерінің тізбесін нақтылау үшін қолданылған кәсіби стандарт жобасы форматында оқытушының біліктілігіне қойылатын талаптары негізінде оның біліктілігін арттыру курсының моделі әзірленген оқытушы құзыреттерінің тізбесі; оқытушының біліктілігін арттыру курсының моделі; курсты өткізу кезеңдерінің сипаттамасы қамтылған.

Қорғауға шығарылатын ережелер:

1.ҚО жүйесінде жұмыс істеу үшін оқытушыны даярлауды ұйымдастырушылық-педагогикалық қамтамасыз ету құрылымы "білім беру саласындағы педагогикалық қызмет" Кәсіби салалық стандартын қамтиды. Онда оқытушының құзыреттіліктерінің тізімі, біліктілікті арттыру курсының моделі, курс бағдарламасы және оны өткізу кезеңдерінің сипаттамасы көрсетіледі.

2. ҚО жүйесінде жұмыс істеу үшін оқытушының құзыреттілік тізімі «қашықтықтан оқыту саласындағы педагогикалық қызмет» кәсіби салалық стандарт жобасының әрбір еңбек функциясы шеңберінде оның қажетті іскерлігін талдау негізінде әзірленген. «Білім алушылардың оқу пәндерін, курстарды игеру бойынша қашықтықтан оқыту қызметін ұйымдастыру» еңбек функциясы

шеңберінде, ҚО жүйесінде жұмыс істеу үшін оқытушының негізгі құзыреттіліктері берілген. Олар:

- қашықтықтан оқыту моделін құру арқылы оқу үдерісін әдістемелік жобалау құзыреттілігі;

- қолданылатын формалар мен құралдарды есепке ала отырып, дистанциялық курсты өткізу үшін ұйымдастыру құжаттамасының әр түрлі түрлерін әзірлеу құзыреттілігі;

- ҚО жүйесіндегі педагогикалық бақылаудың әртүрлі түрлерін қоса алғанда, электрондық контентті әзірлеу құзыреттілігі, бақылау тапсырмаларының сапасын қашықтықтан бағалау жүйесін жобалау, ҚО-да бақылау жүргізу технологияларын және бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдау құзыреттілігі.

«Білім беру бағдарламалары бойынша оқу пәндерін, курстарды, пәндерді (модульдерді) қашықтықтан оқыту» еңбек функциясы шеңберінде ҚО жүйесінде жұмыс істеу үшін оқытушының негізгі құзыреттілігінің қатарына мыналарды жатқызу керек:

- қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру формаларын, әдістермен, практикада оларға барабар коммуникация құралдарын қолдана білу құзыреттілігі;

- білім алушыларға қашықтықтан бақылау жүргізу құзыреттілігі;

- виртуалды ортада білім алушылардың мінез-құлқының психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқу іс-шараларын өткізу құзыреттілігі;

- қашықтықтан оқытын оқушыларға рефлексия, сауалнама жүргізу және ұйымдастыру құзыреттілігі;

- ҚО-ды ұйымдастыру қызметінің құзыреттілігі, оның ішінде оқу жағдайын талдай білу, оқытушылар мен білім алушылардың өзара қарым-қатынасының нормалары мен әдепіне бағдарлай білу;

- әртүрлі ақпарат көздерінен (әлеуметтік желілер, виртуалды желілер) білім алу тәсілдерін меңгеруге негізделген өзіндік танымдық іс-әрекет құзыреттілігі, электрондық кітапханалар, виртуалды әлемдер, веб 2.0 технологиялары және т. б.), ҚО жетілдіру саласындағы өз кәсіби мүмкіндіктерін бағалау қабілеті, өзін-өзі ұйымдастыру дағдылары.

3. ҚО жүйесінде жұмыс істеу үшін оқытушыны даярлау бойынша біліктілікті арттырудың қашықтықтан оқыту курсының моделін іске асырудың ерекшелігі құзыреттілікті өлшеуге тапсырмаларды таңдау, оқытушы мен курстың алушысының өзара әрекет ету тәсілдері, оқытушының Интернет желісінде іске асырылатын әдістерді және оларға барабар ұйымдастырушылық формаларды қолдануы болып табылады.

Жұмыстың құрылымы Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі бөлімнен төрт бөлімшеден, қорытындыдан және қолданылған әдебиеттер мен бірнеше қосымшалардан тұрады.

1 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

1.1 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі заманауи педагогикалық технологиялар ұғымы, мәні мен даму тенденциясы

Қазіргі өмір талаптарына сай жастарға білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз процесі.

Еліміздегі білім беру жүйесіне көптеген өзгерістер енгізілуде. Бұл ғылым мен техниканың, ақпарат кеңістігінің даму динамикасымен тікелей байланысты қайтарымсыз үдеріс.

Бүгінгі таңда елімізде білім берудің үш буыны қамтылған:

- орта білім;
- бакалавриат;
- жоғары оқу орнынан кейінгі білім.

Осы зерттеу жұмысы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі заманауи педагогикалық технологиялар тақырыбына арналғандықтан осы бөлімде біз ең алдымен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұғымын ашуға тырысамыз.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319 Заңының 1-бабының 21-3) тармағында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына қатысты төмендегідей анықтама берілген: «жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыратын жоғары оқу орны»³. Сондай-ақ, осы заңның 36-бабы толығымен жоғары оқу орнынан кейінгі білімге бағытталған. Осы баптың 1-бөлігінде жоғары оқу орнынан кейінгі білімді жоғары білімі бар азаматтар алатындығы көрсетіліп, жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту күндізгі оқу нысанында жүзеге асырылатындығы белгіленген. Сонымен қатар, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметтің негізгі бейіні мен кадрлар даярлаудың бағыттары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, ғылыми ұйымдардың магистратурасында, резидентурасында және докторантурасында, сондай-ақ "Болашақ" халықаралық стипендиясының стипендиаттарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жыл сайын бекітілетін мамандықтар тізбесіне сәйкес күндізгі оқыту нысаны бойынша жетекші шет елдердің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына оқуға жіберу арқылы жүзеге

³ Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319 Заңы //

асырылатындығы көрсетілген. Осы бапты толық зерделей отырып, ғылыми-педагогикалық магистратура, бейіндік магистратура магистранттарының, докторантурада білім алушылардың жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар санатына жататындығына көз жеткіздік.

Елімізде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің сапасын арттыруды реттеуші нормативтік-құқықтық актілер жеткілікті. Солардың бастапқысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы № 600 бұйрығы болып табылады. Бұл қағидада жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру ұйымдарына түсу ережелері берілген. Ереже мазмұнына сәйкес елімізде білім сапасына көңіл бөлінетіндігі белгіленген. Сонымен оқуға түскен білім алушыларға сапалы білім беруді жалғастыруда жаңа заманауи технологиялардың маңызы зор.

Бүгінгі заманда жаңа компьютерлік технологияларды енгізумен бірге «технология» деген ұғым жиі кездеседі. XX ғасырдың 60 жылдарындағы АҚШ пен Англияда пайда болып, содан бұл термин өмір қажеттілігіне байланысты дүниежүзіне таралып кетті.

Педагогикада бұл ұғым білім алушылардың аз ғана күш жұмсап, ең жақсы жоғарғы нәтижеге жетудің тиімді принциптері мен әдістерін анықтауға бағытталған. Егер материалдық өндіріс саласында еңбек затын бірте-бірте терең меңгеру негізінде еңбек өнімінің өсуіне әкелетін жаңа технологиялар жасалса, ол білім беру саласында басқаша, технологиялар ұстаз іс-әрекетінің жеке жақтарына сай жасанды, қолдан істелген конструкциялар ретінде жасалынады.

«Технология» деген термин гректің түп тамыры *techne* – өнер, шеберлік, кәсіп және *logos* – ғылым, білім деген сөздерінен шыққан. Екі түп тамырының бірлігін шеберлік туралы ғылым немесе білімді беретін деген сөзді құрайды. Ол өндірістік үдерістерді жүргізудің тәсілдері мен құралдары туралы білімдер жиынтығы.

Қазіргі уақытта «педагогикалық технология» ұғымы әр түрлі түсіндіріледі. Жаңа педагогикалық технология деген не? Ол үшін алдымен «техника», «технология» терминдерінің мағынасын түсініп, тереңінде не жатыр, соны ақылмен аңғаруымыз қажет. Ол үшін әлемдік педагогикалық тәжірибеде «технология» ұғымының тарихына көз жүгірткеніміз жөн. «Техника» терминінің екі мағынасы бар екені айқын:

- біріншісі – өндіріс құралдарының жиынтығы;
- екіншісі – бір істі орындағанда қолданылатын тәсілдер жинағы.

«Технология» термині сол тәсілдер жүйесі (ілім) деген мағынаны білдіреді.

С. Смирнов оны оқытуды ұйымдастыруда «форма» немесе «әдістеме» түсініктерінің синонимі ретінде анықтайды [].

В. В. Давыдов пен Д. Б. Элькониннің пікірлері бойынша технология нақты педагогикалық жүйенің синонимі ретінде қарастырылады []. Бірақ бұл түсіндірулер «технология» түсінігін ашпайды, сондықтан «білім беру технологиясы», «педагогикалық технология», «оқыту технологиясы» терминдерін қарастыру қажет. Бұл түсініктерге анықтама Л. А. Щукинаның еңбектерінде көрсетілген []. Басында педагогтар «педагогикалық технология», «оқу-оқыту технологиясы» және

«тәрбиелеу технологиясы» ұғымдарының өзіндік мән-мағыналарына назар аудармай келді. Ал бүгінде педагогикалық технология оқу және тәрбие аймағындағы педагогикалық міндеттердің шешілуіне байланысты орындалатын педагог іс-әрекеттерінің бірізді жүйесі ретінде танылуда. Осыдан «педагогикалық технология» мәні «оқу технологиясы», «тәрбие технологиясы» ұғымдары мәндерімен салыстырғанда тереңдеу, әрі ауқымдылау.

Педагогикалық технология – бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл болар ғылыми жоба. Әрі сол жобаның дәл жаңғырып іске асуы. Педагогикалық технология – кешенді үдеріс. Ол өз құрамына адамдарды, идеяларды, құрал-жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білім меңгерудің барша қырлары жөніндегі проблемалардың шешімін басқаруды қамтиды.

Педагогикалық технологиялар көп түрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі – теориялық негізде орындалуы (В. Б. Беспалько, В. В. Данилов, В. К. Дьяченко және т.б.) [], екіншісі – тәжірибе арқылы жүзеге асуы (Е. Н. Ильина, С. Н. Лысенкова, В. Ф. Шаталов және т.б.) []. Мұндай ғылымдық мәні бар ой жаңалық емес. Кезінде оны Я.А. Коменский де дәріптеген. Ұлы педагог-ғұлама XVI ғасырда-ақ оқудың «техникалық» (яғни «технологиялық») болатынын уағыздап, оның мүлтіксіз тиімді нәтиже беретін жолдарын іздестіріп бақты.

Я. А. Коменский еңбектеріне үңілсек, педагогикалық технологияға бастау берген даналық пікірлерді табамыз: «Дидактикалық машина үшін қажет нәрсе – 1) түбегейлі ойластырылған мақсаттарды; 2) сол мақсаттарға жетуге дәл икемдестірілген жабдықтарды; 3) мақсаттың орындалмауына мүмкіндік бермейтін нақты жабдықтарды қолданудың мызғымас ережелерін табуымыз керек», – делінген.

В. Беспалько «педагогикалық технология дегеніміз – тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер – оның құрамды бөлігі ғана, оқыту үдерісін жүзеге асырудың мазмұндық техникада педагогикалық ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жобасы (алгоритмі)», – деп түсіндіреді.

Б. Т. Лихачев «педагогикалық технология – бұл оқытудың формасын, әдісін, тәсілін, тәрбиенің құралын жинақтауды анықтайтын психологиялық-педагогикалық құрылғылардың жинағы», – деген анықтама берсе [], Г. К. Селевко «педагогикалық технология» түсінігін 3 аспект бойынша қарастырады:

- ғылыми: педагогикалық технология – жобаланған педагогикалық үдерісті және оқытудың әдісі мен мазмұнын, мақсатын оқытатын, педагогикалық ғылымның бөлімі;

- бейнелеулі іс-жүргізу: оқытудың жоспарланған нәтижесіне жету үшін әдістер мен құралдарды, мазмұны мен мақсатының жиынтығын бейнелейтін үдеріс;

- нақтылы іс-жүргізу: технологиялық үдерістерді жүзеге асыру, педагогикалық, әдістемелік және тұлғалық құралдарды жинақтау[].

В. В. Воронов «педагогикалық технология – бұл тиімді оқыту жүйесін құрумен айналысатын жаңа бағыт», – деп есептесе, В. М. Шепель: «Технология – бұл өнер, шеберлік, ептілік, іскерлік, әдістердің жиынтығы, жағдайдың өзгеруі» – деген пікірді ұстанады.

Г.М. Құсайыновтың есебінше, педагогикалық технология әдеттегі түсініктерден басқа. Ол оқытушының жоспарланған оқыту мен тәрбиелеудегі мақсаттары мен нәтижелерге жетумен сабақ беру үдерісі емес, ол кәсіби ұстаздың басшылығымен обілім алушылардың өзінің және өзара оқыту үдерісі, ол білім берудің мазмұны мен оқу жоспарларының бағдарламаларында ескерілген іс-әрекеттердің сол түрлерін меңгеру жұмыстарының әрбір сатыларындағы болатын өзгерістер мен қайта құру болады. Біз тоқталып өткен пікірлерді бір-біріне қарама-қайшы деп санамаймыз, керсінше олар бірін-бірі толықтырып отыратын көзқарастар деп пайымдаймыз. Сонымен біз педагогикалық технология деп мақсаттар қою, оқу жоспары мен оқу бағдарламасын үнемі жақсартып отырудың, педагогикалық жүйелерді бүтіндей бағалаудың және ол жүйелердің тиімділігі жөніндегі ақпарат туындауына байланысты жаңа мақсаттар қоюдың тұтас үдерісін айтамыз. Педагогикалық технология – оқыту үдерісін түгелдей қолдану және бағалау, сол сияқты, білімді адамдар мен техника ресурстарын ескеру арқылы білімді игеру, білім берудің тиімді түріне жету үшін оларды жоспарлаудың жүйелі әдісі ретінде түсіндіріледі.

Жоғарыда аталған авторлардың пікірі бір-бірінен онша алшақтамағанымен, олар педагогикалық технологияның әртүрлі белгілеріне назар аударуды ұсынады. Қазіргі кезде оқытуда дәстүрлі және дәстүрлі емес жаңа, дамыта оқыту әдістері пайдаланылуда.

Педагогикалық жаңалық – жаңа идеялар, әдістер, технологиялар ғана емес, педагогикалық үдеріс элементтерінің бірлігінің немесе жеке элементтерінің білім беру мен тәрбиелеудегі белгілі міндеттерді тиімді шешу жолы болып табылады. Технологиялардың пайда болуы ең алдымен әртүрлі теориялық және тәжірибелік іс-әрекет аймақтарына техникалық прогрестің енуімен байланысты. А. С. Макаренко бүкіл әлемдік танымал «Педагогикалық поэмасында»: «Біздің педагогикалық өндірісіміз ешқашан технологиялық логикада құрылған жоқ, әрқашан рухани үгіттеу логикасы бойынша құрылған. Тек сол себепті ғана бізде педагогикалық өндірістің барлық маңызды бөлімдері жоқ: технологиялық үдеріс, операциялар есебі, конструкторлық жұмыстар, құралдарды пайдалану, нормалау, бақылау, енгізулер, теріске шығару», – деген [].

Оқыту үдерісін технологияландыру туралы пікірді осыдан 400 жыл бұрын Я. А. Коменский айтқан, оның пікірінше, оқыту «технологиялық» болуы қажет. Оның мағынасы нені үйретсе де, нені оқытса да оқу үдерісі табыссыз болмауы керек. Технологияға мақсат қою, осы мақсатқа жетудің құралдарын іздестіру, бұл құралдарды қолданудың ережелерін табу маңызды болды.

АҚШ-та 20- ғасырдың 30-шы жылдарында техникалық құралдарды пайдаланып оқыта бастағанда «білім берудегі технология» термині пайда болды. Бұл көбіне оқу үдерісінде техниканы пайдалануға байланысты да болды. 60-шы жылдарда америкалық және батыс Еуропалық білім берудегі реформаларға байланысты «оқу үдерісінде межеленген білім нәтижесіне қалай жетуге болады» – деген мағынасын беретін «педагогикалық технология» термині пайда болды. Ал дидактикалық технологияның мәселелері біздің заманымыздың екінші жартысында

техника мен технологияның қарқынды дамуы нәтижесінде пайда болды. Оқыту технологиясы, яғни, кеңірек айтқанда педагогикалық технология ақпаратты

өңдеу, сақтау, беру әдістері мен құралдарының табыстарына байланысты дамудың барлық мүмкіндіктеріне ие бола алатын әлеуметтік технологияның маңызды компоненті болып табылады. Педагогикалық технология ұғымының қалыптасуы мен дамуының барысында педагогикалық технология ұғымының мәні түрліше қарастырылады. Педагогикалық технология мәселесіне арналған П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, В.М. Кларин, Ж.. Қараев, Т.Т. Галиев, т.б. ғалымдардың еңбектерінде оқыту технологиясын техникалық құралдардың көмегімен оқыту деген түсініктен бастап педагогикалық технологияны ғылыми тұрғыдан ұғынуға дейін түрліше пікірлер айтылған [].

М. П. Сибирская өз еңбегінде «әдістеме» мен «технологияның» салыстырмалы сипаттамасын қарастырады. Міне, осында педагогикалық технологияның оқыту әдістемесі және тәрбиелеу жұмысынан айырмашылығы байқалады. Егер «әдістеме» ұғымы, оларды орындауға қатысты емес оқытудың әдістері және тәсілінің жиынтығын қолдану көп кейіпкерлік белгілерінде жинақтауын анықтайды. Осыдан келіп, яғни кез келген педагогикалық тапсырма тек қана белгілі жетілдірілген педагог маманның іс-әрекеті мен негізгі технологиялардың көмегімен тиімді шешіледі.

Педагогикалық технологиялар тарихын, оның пайда болуын және маңызды құрылымдық ерекшеліктерін қарастыру педагогикалық құрылымды түсінуге мүмкіндік береді. Ғалымдардың тарихи-педагогикалық зерттеулерін талдау педагогикалық технологияның бірнеше ғасырлар бойында ғылыми пікірталастың басты нысаны болғанын айқындайды.

Оқыту технологиясын жаппай ендіруді зерттеушілер 60-шы жылдардың басына жатқызады және оны алғашында американдық, ал одан соң еуропалық мектептің қайта өрлеуімен байланыстырады.

Шетелдегі педагогикалық қазіргі заманғы технологияларды зерттеуде неғұрлым танымал зерттеушілері: Дж. Кэрролл, Л. Н. Ланд, Ю. К. Бабанский, Л. М. Эрдниев, Н. П. Раченко, Л. Я. Зорина, В. П. Беспалько, М. П. Хомерики және басқалардың ғылыми еңбектерінде көрсетілген.

Бастапқыда көрсетілген педагогтар оқыту технологиясы, оқу технологиясы және педагогикалық технология арасында өзгешелік қоймады. «Педагогикалық технология» термині тек қана оқытуға байланысты қолданылады, ал оқу технологиясы өзі техникалық құралмен оқытуды түсіндіреді. Бүгін педагогикалық технологияны, педагогикалық тапсырмаларды шешумен байланысты, педагогтің

зерттеу іс-әрекеті ретінде немесе алдын ала жобаланған педагогикалық үдерістің тәжірибеде тұрақты және жалғастырмалы шығаруы ретінде түсіндіріледі. Педагогикалық технология туралы мұндай көріністер былай анықталады:

- өте жоғары деңгейде теориялық дайындығы және бай тәжірибесі бар мамандардың әр түрлі таңдаулы педагогикалық технологияларды дайындау мүмкіндіктері;

- мақсатқа сай педагогикалық технологияларды өзіндік таңдау мүмкіндіктері, оқытушы және білім алушылар іскерліктерінің өзара мүмкіндіктерімен және шарттарымен байланысты.

Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Ол үшін болашақ ұрпағын тәрбиелеу рухани жан-дүниесі бай, халқын сүйген, ата-баба жерін қадірлейтін ұрпақ болашақ тірегі бола алады.

XXI ғасыр білімділер ғасыры болмақ. Білімділерді ойлап тербетер, баптап өсірер тәрбие керек. Ұрпақ тәрбиесі – ел алдындағы маңызы зор міндет.

Еліміздің, қоғамның экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосатын, әлемдік инновацияға көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару – білім беру жүйесінің бүгінгі таңдағы баға жетпес міндеті.

Қазіргі таңда педагогика теориясына елеулі өзгерістер еніп, білім беру мазмұны жақсарып, жаңа көзқарастар пайда болып, білім беру құрылымында қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар өмірге келуде.

Оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды алдымен жете меңгерген, одан соң оны оқу мазмұнына білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне қарай пайдаланудың маңызы зор. Педагогикалық технология ұғымы іс-тәжірибемізде жиірек қолданылып, практикаға енуде.

Ал «технология» түсіндірмесін сөздікте қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амадардың жиынтығы, ал педагогикалық технология – педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті – деп В. Кларин айтып өткендей, педагогикалық технология тәжірибеде жүзеге асатын педагогикалық жүйенің жобасы.

Ал педагогикалық жүйе дара тұлғаны қалыптастыруға бағытталған, белгілі бір мақсатқа жету жолындағы арнайы педагогикалық ықпалды ұйымдастыруға қажетті өзара байланысқан әдістер құралдарының жиынтығы.

Олай болса, дәл қазір бізге осы педагогикалық технологияны дамыту практикада пайдалану. Педагогикалық технологияның негізі – саралап оқыту. Бұл бойынша білім алушы білімді меңгеру деңгейін төртке бөлуге болады. Бірінші төменгі деңгей – міндетті деңгей, қалғаны білім алушы қабілетіне қарай игеріледі.

Сонда міндетті деңгейді мемлекеттік өлшем ретінде алсақ, білім берудің шығармашылық сипаты қалыптасады. Былайша айтқанда, педагогикалық технология – білім алушының шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігі, оқыту мен тәрбиелік тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі.

1960 жылдарда шетел зерттеушілері «педагогикалық технология» терминін енгізді. «Педагогикалық технология» дегеніміз – тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер оның құрамды бөлігі ғана.

Педагогикалық технология – оқыту үдерісін жобалау, ұйымдастыру формасымен анықталады. Педагогикалық технологияның өзіндік ерекшеліктері – қойылған мақсатқа жету мүмкіндігіне кепілдік беретін оқыту үдерісін құрастыру және оны жүзеге асыру.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы барысында білім беру жүйесінің реформалануы қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие. Білім беруді

реформалауды жүзеге асырудың және бір маңызды сипаты қазіргі уақыттағы оқыту үдерісін технологияландырудың қажеттілігінен туып отыр.

XX ғасырдың 80-жылдары Ресейде жаңашыл – оқытушыдер топтары қалыптасады, олардың әрқайсысы баланы оқыту, тәрбиелеу және дамытуда өзіндік жаңалықтары болады, олар ең жоғарғы нәтижелер береді. Сонымен бірге олардың жалпы ортақ белгілері болады. Мектеп білім алушысының оқу жұмысы тәсілдерін жеңілдету және жандандыру, танымдық іс-әрекеті (сүйеніш кескіндер, сигналдар) үлкен блоктар арқылы материалдарды оқу және т.б. аса айрықша көрсететін жаңашыл педагогтардың оқытушыдер позициясының бағытын авторитарлықтан демократиялыққа, ізгілік бағытқа ауыстыруға деген ұмтылушылықты айтуға болады, бұл жаңа педагогикалық ынтымақтастық деген бағытқа орын берді.

Барлық осы технологиялардың көрнекті өкілдері ішінен Ш. А. Амонашвилиді – бастауыш сынып білім алушыларын эксперименталды жаңашалап оқытуды атау керек. Ш. А. Амонашвили өзінің эксперименталдық мектебінде ынтымақтастық педагогикасының жеке тұлғалық бабын табу бағыты, тіл мен математиканы оқытудың бір реттік әдістемесі оның педагогикалық іс-әрекетінің өзіндік қорытындысы, оның негізгі идеясы «О начальной ступений образования, построенного на принципах гуманно-личностной педагогики» деген еңбегінде баяндалған.

Академик М. П. Иванов – коммунарлық тәрбие әдістемесінің ұжымдық істің әдістемесінің авторы қазіргі жағдайда А. С. Макаренконың идеясын дамыта түскен жаңашыл педагог. Жаңашыл педагогтың тәжірибесіндегі басты әдістемелік ерекшелігі ұжымдық еңбек ісіндегі тұлғаның субъективтік позициясы.

Кеңес одағының Халық оқытушы В. Ф. Шаталов дәстүрлі класс-сабақ тәсілімен оқытудың әлі де болса ашылмай жатқан орасан зор қорын көрсетіп, оқытудың интенсивтендірудің технологиясын жасап, практикаға енгізеді.

В. Ф. Шаталовтың әдістемелік жүйесі әрбір білім алушыны оқу іс-әрекетіндегі белсенділікке қатыстыруға, дербес ерікті танымдықты тәрбиелеуге, әрбір жеке білім алушыда өзінің адамгершілік сезімін, өзінің күші мен қабілетіне сенімділігін нығайта түсуге мүмкіндік береді.

Жаңашыл-педагог И. П. Волков шығармашылықты дамытатын оқытудың технологиясын жасап жүзеге асырды. Осыған сай тұлғаның қабілеттілігі баланың оқудан тыс іс-әрекетінің еркін болуы негізінде бірізді қалыптасады.

Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласының қазақ тілі пәнінің оқытушы Қ. О. Бітібаева практика жүзінде ынтымақтастық педагогиканы жүзеге асырады. Ынтымақтастық педагогикасын адамгершілік педагогикасы ретінде қарастырады.

Қазіргі білім беру технологиялары санатындағы дамытатын жетілдіретін оқу технологияларын көрсеткен жөн (Д. Б. Эльконин, В. В. Давыдов, Л. В. Занков, Г. С. Альтшуллер және т.б.).

Республика мектептерінде 1989 жылдан бастап атаулы мектептерді ашу кезеңі басталады. Олардың ішінде, СССР халық оқытушы, қазақ тілі мен әдебиет оқытушы Айтқалиев Құсайын Айтқалиұлының мектебі; Бучина Валентина Людвиговичтің өнер мектебі, биология пәнінің оқытушы Очкур Елена Афанасьеваның мектебі, бастауыш кластарының оқытушы Мор Галина

Яковлеваның мектебі; Қазақ ССР еңбек сіңірген оқытушы, орыс тілі мен әдебиет пәндерінің оқытушы Фокин Юрий Павловичтің мектебі.

Республикалық деңгейдегі атаулы мектептердің мақсаты тұлғаның өзін-өзі көрсетуге, оқытудың бірегейлі және тиімді «технологиясын» іздеуге қолдау жасау болады.

Морин Монтессордың (1870-1952) мектебі ақыл-ойды саусақтардың өте нәзік қозғалыстары, қолдардың ұсақ мәнерлі ырғақтарымен интенсивті сенсорлық сезімдер арқылы дамытуға негізделген. 1993 жылдан бастап Алматыда жекеменшік «Элко» корпорациясының ерікті озат мектебі жұмыс істейді. Бұл мектептің оқыту негізінде мемлекеттік бағдарлама жатыр. Бірінші кластан бастап қазақ, неміс, ағылшын тілдері, эстетика, сөйлеу мәдениеті, ерікті қозғалыс пәндерінен сабақ жүреді. Қосымша мынадай пәндер макеттендіру, модельдеу, хор, бал билері, гүл өсіру, сахна өнері көбірек өткізіледі. Мектепте баға қойылмайды, оқу мен тәрбиелеу деңгейі жеке бағаланады.

С. Ферне (1896-1996) мектебінің әдістемелік тәсілдері біздің республикамызда, әсіресе бастауыш кластарда көптеген мектептерде қолданылады. С. Ферненің әдістемесі баланың өзінің жеке тәжірибесіне негізделген. Ұстаздың қызметі баланың өзіне тән қабілетті оның өзі, өз бойынан тауып оны дамытуға көмектесу. Бұл тұжырымдаманың практика жүзінде жүзеге асуына «ерікті тестер» мен «мектеп типографиясы» қызмет етеді. Инновациялық мектептер дәстүрлі және сонымен қатар жаңа міндеттерді қазіргі деңгейге сай шеше алатындығын дәлелдейді, білім алушы тұлғасының мәдени, адамгершілік дамуының негізі болатындығын көрсетті.

1.2 Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі педагогикалық технология түрлері мен оларды сабақта қолдану әдіснамасы

Педагогикалық технологиялар бірнеше топтарға бөлінетіні баршамызға мәлім. Осыны толық меңгерген оқытушыдер қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды өз тәжірибелеріне тиімді ендіре алады. Оқытудың жаңа инновациялық технология әдістерін дәріс беретін білімгерлермен практикалық сабақтар жүргізу барысында жиі қолданып отырамыз. Инновациялық технологияны пайдалану барысында сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықтан бастап білімгерлерге тақырыпқа болжам жасатып, мақсат қойып, сұрақ беріп жауап алуға, мазмұнды толық түсінуге жағдай туғызады.

Бұл бағдарламада оқытушыға да, білімгерлерге де міндеттер қояды. Осы міндеттерді орындауға оқытушы өзінің тақырыбы мен сабақ арасындағы біріккен іс-әрекет ұйымдастырады. Мысалы, бұл бағдарламаны сабақтарда қолдану білім алушыларға:

- 1) еркін ойлауға мүмкіндік береді;
- 2) ақыл-ойын дамытады;
- 3) ғылыми іздену белсенділігі артады;
- 4) тіл байлығы жетілдіріледі;
- 5) жан-жақты ізденеді;
- 6) өз ойын жеткізеді;
- 7) ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді.

Анық айтқанда, сабақта қолданатын стратегиялар көмегімен жеке тұлға ретінде, жан-жақты дамыған шығармашылық тұрғыдан ойлайтын индивид ретінде білімді меңгереді. Педагогикалық технологияларды талдау барысында алынып отырған технологияның сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай болуы және тиімді, жүйелі болуы ескеріледі.

Технологияның білім беру үдерісіне енуі білім беру тұжырымында мақсатты қалыптастыруға; адамгершілік ақыл-ой, психологиялық, медициналық, экологиялық көрсеткіштер негізінде қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды талдауға, сонымен қатар дифференциалды оқыту жағдайында олардың тиімділігін бағалауға; оқытудың перспективалық құралдарын олардың негізінде педагогикалық технологияларды құруға; бұл үдерістерді технологияландыру үдерістерін реттейтін тұтас мемлекеттік білім беру бағдарламасы мен стандарттары негізінде басқаруға ықпал етеді.

Сөйтіп, педагогика теориясында сабақ беру технологияларын бірнеше бағыттар бойынша топтастыру үдерісі бар:

Педагогикалық үдерісте жеке тұлғаның бағыты негізіндегі педагогикалық технология:

- Педагогикалық қарым-қатынас технологиясы.
- Алтынсариннің педагогикалық технологиясы.
- Амоношвилидің ізгілік технологиясы.
- Ильиннің жүйесі.

Білім алушының іс-әрекетіндегі белсенділікті арттыру негізіндегі педагогикалық технология:

- Ойын технологиясы.
- Проблемалық оқыту технологиясы.
- Жан-жақты коммуникативті оқыту технологиясы.
- Оқыту материалдарын тірек сызбалар, тірек конспектілері және модельдеу арқылы қарқынды оқыту технологиясы (Шатталов).

Оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру және басқару негізіндегі педагогикалық технология:

- Миға тұтқиылдан шабуыл жасау технологиясы.
- Перспективті жылдамдата оқыту технологиясы (Лысенкова).
- Деңгейлеп оқыту технологиясы (Қараев).
- Деңгейлеп дифференциялау технологиясы және т.б.

Ғылыми-педагогикалық зерттеулерге жасалынған талдау жаңа педагогикалық технологиялардың бірнеше түрлерін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Осының ішінде біз үшін қызығушылық туғызып отырғаны оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру және басқару негізіндегі педагогикалық технологиялар болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұстанымдарының бірі – жеке адамды қалыптастыруға бағытталған рөлі және педагог қызметкерлер білім алушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз етуге, олардың жеке шығармашылық қабілеттерінің дамуы үшін жағдай жасау қажеттігі қарастырылған. Осы зерттеу жұмысында біздер оқыту үдерісін басқару және ұйымдастырудың тиімділігі негізіндегі технологиялардың ішінде

төмендегі үш технологияға тоқталуды өз зерттеу жұмысымызға мақсат етіп қойып отырмыз. Олар:

- интерактивті оқыту технологиясы;
- деңгейлеп оқыту технологиясы (Қараев);
- Қашықтықта оқыту технологиясы.

Оқытушы мен білім алушының сабақ оқыту тиімділігін арттыруға байланысты шығармашылық деңгейі еш шектелмейді. Оны қойылған мақсатқа дұрыс бағыттап білудің маңызы зор. Бүгінгі шығып жатқан әдістемелік инновациялар оқытудың интерактивті әдісімен байланыстырылған.

Интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен білім алушы мен оқытушы қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады.

Интерактивті оқыту – бұл танымдық әрекеттің арнаулы ұйымдастыру формасы. Ол толық айқындалған және мақсатын алдын ала болжауға болатын оқыту түрі. Осындай мақсаттардың бірі білім алушы өзінің жетістіктерін, интеллектуалдық белсенділігін сезетіндей, оқу барысының өнімділігін арттыратын оқытудың жинақы шарттарын жасау. Интерактивті оқытудың мәнісі сыныптағы барлық білім алушы таным үдерісімен қамтылады, олар өздерінің білетін және ойлайтын нәрселері арқылы түсінуге және қарсы әсер етуге мүмкіндік алады. Таным үдерісінде, оқу материалын игеруде білім алушылардың біріккен әрекеттері мынаны білдіреді: әр білім алушы өзіне тән ерекше еңбегін сіңіреді, білім, идея, әрекет ету тәсілдерін алмасу үздіксіз жүреді. Сонымен қатар, бұл үдеріс өзара қолдау және қайырымдылық атмосферасында жүреді. Яғни, жаңа білім алып қана қоймайды, танымдық үдерістің өзін дамытады, оны әлдеқайда жоғары топтасу мен еңбектесу дәрежесіне көтереді.

Сабақтағы интерактивті әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алып келетін – ұйымдастыру және сұхбаттасып қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады.

Интерактивтілік бір көзқарастың немесе бір ғана сөйлеушінің басым болуы жағдайын болдырмайды. Сұхбаттасып оқыту барысында білім алушылар сыни ойлауды, тиісті ақпарат пен белгілі жағдайды талдау негізінде күрделі мәселелерді шешуді, балама көзқарастарды салыстыруды, ақылды шешімдер қабылдауды, дискуссияға қатысуды, басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауды үйренеді. Ол үшін сабақта жекелей, жұптық және топтық жұмыс ұйымдастырылады, зерттеу жұмыстары, рөлдік ойындар қолданылады, құжаттармен және түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасайды, шығармашылық жұмыстар пайдаланылады.

Бүгінгі күні әдіскерлер мен шығармашыл-ұстаздар топтық жұмыстың көптеген түрін жасап шығарды. Олардың ішіндегі кең таралғандары – «үлкен шеңбер», «аквариум», «миға шабуыл» (мозговой штур), «дебаттар». Алдыңғы сабақтардағы білімдері немесе өмірде алған тәжірибелері негізінде аздаған хабары бар қандай да бір мәселе толығымен талқыланатын болса ғана, интерактивті оқыту формасының тиімділігі жоғары болады. Одан басқа, қарастырылатын тақырып жабық немесе тар мағыналы болмау керек. Талқыланатын мәселенің деңгейі тар экономикалық (құқықтық, саяси, тарихи, т.б.) сұрақтардан мәселені кеңінен қоюға көшуге мүмкіндік жасайтындай болу керек.

Интерактивті оқу технологиясы (ИОТ) деп нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоциялық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, білім алушыларға педагогикалық әсерлі танымдық қарым-қатынас құруға кепілдік беретін, оқытушы мен білім алушының іс-әрекетін оқу ойындары түрінде ұйымдастыру тәсілдерін айтамыз.

Оқу үдерісін басқару және білім алушыларға дидактикалық материалдарды жеткізіп беру үшін көліктік және ақпараттық коммуникациялар, сондай-ақ автоматтандырылған құжат айналымы жүйесі кіретін мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету, білімнің электрондық банкілері және оқытудың интерактивтік мультимедиялық құралдары қолданылады.

ИОТ-сын пайдалану әр білім алушының іс-әрекетін сабақтастыруға (өзара әсерлесудің бүтіндей жүйесі пайда болады), оның оқу әрекетін және тұлғалар арасындағы танымдық қатынастарын байланыстыруға мүмкіндік береді.

Педагогикада оқытудың бірнеше моделін атап көрсетуге болады:

- пассивті – білім алушы оқытудың «объектісі» рөлін атқарады (тыңдау және көру);

- активті (белсенді) білім алушы оқытудың «субъектісі» болып шығады (өзіндік жұмыс, шығармашылық жұмыс, лабораториялық-практикалық жұмыс);

- интерактивті – *inter* (өзара), *akt* (әрекеттесу). Оқыту барысында жеке тұлғалар арасында танымдық қарым-қатынас орнап, оның субъектілерінің бәрі өзара қатынасқа түседі. Әр білім алушының жеке жұмысы мен оның жеке тұлғасын дамыту адамдардың бір-бірімен сөйлесу және өзара әрекеттесу барысында жүзеге асады.

Интерактивті оқыту моделін пайдалану - өмірлік ситуацияларды моделдеуді, рөлдік ойындарды қолдануды, мәселені бірлесіп шешуді қарастырады. Оқу үдерісінің қандай да бір қатысушысын немесе идеяны (яғни, жақсы оқитындарға ғана назар аудару сияқты) ерекшеленуді шектейді. Бұл модельге адамгершілікпен, демократиялық жолмен келуді үйретеді.

Интерактивті оқыту – бұл танымдық қызметті ұйымдастырудың арнайы нысаны. Ол әбден нақты әрі болжамды мақсаттарды білдіреді. Мұндай мақсаттардың бірі – тыңдаушы өзінің ақыл-парасатының толымдылығын сезінетіндей қолайлы жағдай жасау, бұл оқу үдерісінің өзін өнімді етеді.

Интерактивті әдістер оқу қарым-қатынастары ортасын құрады, ол:

- ашықтықпен;

- қатысушылардың өзара әрекеттестігімен;

- қатысушылардың дәлелдерінің теңдігімен;

- бірлесе білім жинаумен;

- өзара бағалау мен бақылау мүмкіншілігімен сипатталады.

Негізгі интерактивті әдістер: шығармашылық тапсырмалар, шағын топтарда жұмыс істеу, үйретуші ойындар, рөлдік ойындар, еліктемелер, іскерлік ойындар және білім беретін ойындар, қоғамдық ресурстарды пайдалану, әлеуметтік жобалар және аудиториядан тыс оқыту әдістері, жаттығулар, жаңа материалды зерделеу және пысықтау, интерактивті дәріс, көрнекі құралдармен, бейне және дыбысты материалдармен жұмыс, күрделі және таласты сұрақтар мен мәселелерді талқылау,

«пікірлер шкаласы ұстанымын ұстан». Жобалау тәсілдері «Жалғыз – екеулеп – бәрі бірге», «Карусель», «Теледидарлық ток-шоу стиліндегі пікірталас», талқылау, симпозиум, жаңа материалды зерделеу және пысықтау, интерактивті дәріс, көрнекі құралдармен, бейне және дыбысты материалдармен жұмыс, мәселелерді шешу «Шешімдер ағашы», «Миға шабуыл», «Шырмауды шешу», «Келіссөздер және медиация».

Интерактивті оқыту технологиясы – бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу үдерісіне білім алушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту үдерісін ұйымдастыру.

Бүгінгі күні еліміздің білім беру саласында ірі өзгерістер дүниеге келіп, білім берудің дүниежүзілік жаңа сатысына көтерілу кезеңінде түрлі-түрлі реформалар жасалуда. Оқыту формасы бұрынғы білім беруді ғана негіз еткен дәстүрлі оқыту формасынан жеке тұлғаны қалыптастыру формасындағы сапалы оқыту жүйесіне өзгерді. Оқыту барысы зерттеп үйрену іс-әрекетін басты форма етіп отыр. Іс-әрекет барысында өзін-өзі басқару мен өзара әсерлесіп үйренуді іске асыру ерекшелігіне ие болды. Оқытушы оқыту мақсатына жету үшін оқулықты жете түсіну негізінде оқыту іс-әрекетін мұқият жоспарлауға көшті және білім алушыларды зерттеп үйренуге ұйымдастырудың алуан түрлі әдістерін қолдануда. Бірақ, барлық оқытушыда ортақ оқыту технологиясы болмағандықтан оқытуда біркелкілік сақталмай отырғаны жасырын емес. Нысаналы оқыту технологиясы бүгінгі күнде дүниежүзі бойынша тәлім-тәрбие саласында орасан зор ықпал көрсетіп отырған технологиялардың бірі.

Қазірде бұны АҚШ, Жапон, Қытай сынды көптеген дамыған елдер өздерінің білім беру саласында кеңінен қолданады. Нысаналы оқыту технологиясы АҚШ педагог және психолог Блумның «Тәлім-тәрбие нысанасын түрге бөлу» теориясы мен «игеріп оқу» теориясы негізінде қорытындыланып жасалған. Анығырақ айтқанда, нысаналы оқыту дегеніміз оқыту мазмұнын нысаналандыру, жүйелендіру, ғылымиландыру және оны игерудің әдіс-тәсілдерін жүзеге асыру, сол арқылы оқыту сапасын жан-жақты көтеру мақсатына жету деген сөз.

Интерактивті оқытуды теориялық жақтан түсіну үшін Блумның «Тәлім-тәрбие нысанасын түрге бөлу» теориясы мен «Игеріп оқу» теориясына қысқаша тоқтала кеткен жөн.

«Тәлім-тәрбие нысанасын түрге бөлу» теориясы. Адам өмірінде істелуге тиісті қандай бір жұмыс ол үлкен болмасын, кіші болмасын қандай да бір нысынаға жетуді көздейтіні ақиқат. Дәл сол секілді оқыту жұмысы да белгілі оқыту нысанасына жетуді мақсат ететіні шындық, екінші сөзбен айтқанда, оқыту жұмысы өзі тәрбиелеп отырған білім алушының болашақта қандай жетістікке жетуін, қандай адам болу керектігін алдын ала анықтап алуы қажет. Осы тұрғыдан келіп, оқыту нысанасын Блум: таным саласындағы нысана, сана-сезім саласындағы нысана және әрекет шеберлігі (қабілет) саласындағы нысана деп үш салаға бөледі.

Таным саласындағы нысана дегеніміз білім алушының үйренген білімін есте сақтау және қайталау барысындағы ақыл-парасат пен қабілеттің қалыптасу нысанасын, яғни білім алу мен қабілетті дамыту жағындағы нысананы көрсетеді.

Сана-сезім саласындағы нысана қызығушылық, мінез, құндылық көзқарасы, сондай-ақ бейімділік қабілеті жағындағы нысананы, яғни ақыл-парасатқа жатпайтын факторлар жағындағы нысананы көрсетеді. Іс-әрекет шеберлігі саласындағы нысана дегеніміз – меңгеру және әрекет шеберлігі жағындағы нысананы көрсетеді.

Блумның еңбегі оның оқыту нысанасын белгілі өлшем бойынша тәртіпті түрде жүйелеп айқындық пен жүйелілік қалыптастыруынан көрінеді, Ол бұны АҚШ-тың тәлім-тәрбие ісіне мұқият зерттеу жүргізу арқылы қол жеткізді, әрі бұл еңбегі Блумның әлемдегі атағын да асқақтата түсті. Бұрын жұрт бір адамның үйрену жағдайын тексергенде оның тек алған біліміне ғана назар аударатын, ал Блумның таным саласындағы нысанасы бес жақты (түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) қамтиды, яғни білім алушылардың әр түрлі қабілеттерін жетілдіру нысанасын алға қояды. Сондықтан қазіргі кезде бүкіл дүниежүзінің білім беру саласы осы көзқарасты ұстанып, білім алушылардың қабілетін жан-жақты тәрбиелеуді дәріптеп келеді. Білім теориясы білім алушыны бағалаудың ортақ мойындалған өлшемін де ортаға қояды. Бұл өлшем оқытушыдердің өзара тәжірибе алмасу қызметі мен бағалау қызметін де алға бастырады. Сөйтіп, бағалаудың айқын нысанасы орнатылды. Блумның таным саласындағы оқыту нысанасы бүгінгі күні көптеген елде оқытуды бағалау мен оқулық жасаудың негізгі іргетасына айналды.

Қорыта келгенде, «Интерактивті оқыту технологиясы» қазіргі заманғы оқыту талабы ортаға қойған зерттеп үйрену, селбесіп үйрену және өзін-өзі басқарып үйрену талабына өте жақсы үйлеседі. Бұл оқыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты ерекшелігі де, басты айырмашылығы да осында.

Келесі оқыту технологияларының бірі - деңгейлеп саралап оқыту технологиясы. Ол 1998 оқу жылынан бастап білім берудің барлық сатысына енгізіліп, білім беру үдерісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді.

Профессор Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен білім алушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында білім алушылар тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылды.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады.

Оның басты мақсаты – білім алушыларды «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы:

- білім алушылар өз қабілетіне, болашағына сенуіне;
- білім алушыларды ынталандыруға;
- білім алушылар мен оқытушының ынтымақтастық қарым-қатынас достығына;
- білім алушылар өз білімін өзі бағалай білуіне;
- баға әділдігіне;
- білім көрсетудің әділ сайысына мүмкіндік береді.

Деңгейлеп-саралап оқытудың басты сипаты – мақсатты нәтиже. Қоғам талабы да – нәтижелі білім алушы даярлауда болып отыр.

Деңгейлеп оқыту түрлері. Қараевтің деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы мынандай 4 түрге бөлінген:

1) репродуктивтік деңгей – жалпыға бірдей стандартты білім негізінде тапсырма беріледі. Мұндай тапсырмалар білім алушылардың алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және білім алушыға байланысты

2) алгоритмдік деңгей – мұнда білім алушылар оқытушының түсіндіруімен қабылдаған ақпаратты пайдалана отырып орындайды.

3) эвристикалық деңгей – білім алушылар өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді қолдана отырып жауап береді.

4) шығармашылық деңгей – білім алушылар таза өзіндік шығармашылығын байқатады. Жаңа тақырыпты білім алушылар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгереді. Деңгейлеп оқыту әр білім алушылар белсенділігін оятады.

Деңгейлік тапсырмалар рейтинг-ұпай – балл жинау әдісімен бағаланатынын ескерсек, білім алушылардың деңгейлік сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне талдау жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді.

Деңгейлік тапсырмаларды дұрыс орындағаны үшін білім алушылар сол деңгейді игергені үшін сәйкес ұпай алады: бірінші деңгей үшін - 5 ұпай, екінші деңгей үшін – 15 ұпай, үшінші деңгей үшін – 30 ұпай. Ең жоғары деңгейдегі шығармашылықты қажет ететін тапсырмаларды, әрине, дарынды да, еңбекқор білім алушылар орындай алады. Деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы көбірек ұпай жинап көтеріңкі баға алуға мүмкіндік беріледі және дамыта оқыту принципі орындалады. Нәтижесінде білім алушылардың табиғи қабілеттері мен дарынды қасиеттерінің ашылуына жақсы жағдай жасалады. Сонымен, әр деңгейдегі тапсырмаларды білім алушылар жанында ілулі тұратын жалпы ведомосқа және өздеріндегі арнайы деңгейлік жұмыс дәптерлерінің соңындағы ведомосқа шеңбермен белгілеп отырады. Бұл білім алушылар арасында, олардың бір-бірінің үлгерім деңгейлерін бақылап отыра алатындықтарынан, өзара жұмыс тудырады.

Бірақ білім алушылардың өзара көмегіне және оқытушы тарапынан демеп жіберуге жол беріледі.

Сондықтан бақылау мен бағалау ішкі бақылау мен ішкі бағалау болып табылады. Сабақ дұрыс орындалған барлық тапсырмалар үшін жинаған ұпайларды есептеумен аяқталады. Жинаған ұпайларын білім алушылар кестеде әр сабақтың соңында нүктемен белгілеп отырады.

Осы нүктелердің арасын түзу сызықтармен біртіндеп қосса, график шығады. Ол – білім алушылар даму мониторингі деп аталады. Мониторинг бойынша оқытушы кезекті тақырыптық бақылау жұмысының алдында әр білім алушылар өткен материалды қандай деңгейде меңгергенін қадағалап, үлгермеушілермен қосымша жұмыс жүргізеді. Тақырыптық бақылау жұмысы да әр деңгейлі тапсырмалармен беріледі. Бұл жағдайда ол бөгде біреудің көмегінсіз, орындалады және оқытушы тарапынан білім алушылар қатаң бақыланып, өздерінің нақты алған білімдеріне тиісті ұпайларын алады. Осындай бақылау мен бағалауды біз

сыртқы бақылау мен сыртқы бағалау ретінде қарастырамыз. Бұл ұпайлар да білім алушылардың даму мониторингтеріне белгіленеді.

Білім алушылар даму мониторингі, оның жеке басының қабілетіне қарай, тақырып бойынша игерген білім сапасының объективті сипатын көрсетеді. Осы жағдайда білім алушылар даму деңгейі- басқалармен емес, уақыт өткен сайын, өзімен-өзін салыстыру арқылы анықталғандықтан, ол білім алушыларға деген ізгілік қатынасты көрсетеді. Бағалау жүйесінің негізі болып білім алушылар білімнің ең төменгі деңгейі алынады және ол деңгей мемлекеттік стандарттың ең төменгі талабына сәйкес келеді.

Бұл деңгейдегі тапсырмаларды дарындылығына да, бейімділігіне де, жоғары даму деңгейіне де қарамастан білім алушылардың барлығының дұрыс орындауы міндетті. Бұл технологияның тағы бір ерекшелігі дарынды білім алушылармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігі болып табылады. Саралау негізіндегі педагогикалық технология мазмұнының ерекшелігі: жеке құрылымдарға бағдар беру; білім мазмұнының сипаты мен көлемі, оқу жоспарының, материалының, баяндау түрлерінің дидактикалық құрылымы.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты:

- әрбір білім алушылар өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді;

- деңгейлеп оқыту әр білім алушыларға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;

- деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы білім алушыларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді;

- деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық) , бағдарламалық, күрделенген деңгей.

Оқытудағы саралау әдісінің әдістік негіздері

- білім алушылар оқу материалын жеңілден күрделіге қарай жүйелі меңгеруі;

- алынған нәтижені өлшеуге болатындығы;

- оқу үдерісінің жарыс түрінде ұйымдастырылуы;

- бағалаудың жетелеушілік қасиеті;

- дамыта оқытудың әдісі

Деңгейлеп-саралау негізіндегі педагогикалық технология әдістемесі. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – білім алушыларды «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау, оқытудың тиімділігін арттыра отырып, сапалы білімге қол жеткізу.

Ойымызды дәлелдеу үшін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің ғылыми-педагогикалық магистратурасында білім алушылармен сабақ өткізіп көрдік. Деңгейлік тапсырмалар беру магистранға артық жүктеме беру емес, керісінше, олардың әрқайсының біліміне, мүмкіндігіне сәйкес дайындалған көп деңгейлік (сатылы) жұмыстар, яғни, курсанттың жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын, ойлау, сөйлеу қабілетін дамытатын,

әлеуметтік көзқарасын қалыптастыратын, ізденушілікке баулитын жұмыстар жүйесі.

Көпдеңгейлік тапсырмалар беру арқылы біз топтың барлық магистранттарын бірдей қамту, әр магистранттың жеке қабілеті мен мүмкіндігі деңгейінде оқыту; магистранттың пәнге деген қызығушылығын туғызу; креативті ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру мүмкіндіктеріне ие боламыз деп санаймыз. Сөзіміз жалаң болмау үшін төмендегідей мысал – тапсырмалар жасауға болады:

1-нұсқа.

1-тапсырма:

Қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігі дегеніміз не? Қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігіне тән негізгі белгілерді сызба түрінде көрсетіңіз.

2-тапсырма:

Қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігінің созылмалы және жалғаспалы қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығын анықтаңыз, ойыңызды мысалмен дәлелдеңіз.

3-тапсырма:

Мына ситуациялық жағдай қылмыстар көптігінің қай нысанына жататынын анықтаңыз және ойыңызды дәлелдеңіз.

Қарағанды қаласында бұрын екі рет сотталған Р. Иванов жазғы үйге кіріп, сонда жатқан азық-түлікті ұрлайды. Кетіп бара жатып үй иесі әйелмен кездесіп қалады да, оған шабуыл жасап, пышақпен қорқытып ақша сұрап қылқындырады.

4 -тапсырма:

Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 14-бабының 4-бөлігін зерделеніз және «... осы кодексте көзделген негіздер мен шектерде неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғады» деген тіркес ұғымының мәнін ашыңыз.

2-нұсқа.

1-тапсырма:

Қылмыстардың қайталануы дегеніміз не? Оның қандай түрлері бар? Қылмыстардың қайталануының негізгі белгілерін сызба түрінде көрсетіңіз.

2-тапсырма:

Бірнеше рет жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың қылмыстардың жиынтығынан айырмашылықтарын санамалаңыз және қандай ұқсастығы барын негіздеуге тырысыңыз.

3-тапсырма:

Мына ситуациялық тапсырманы оқып, қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бойынша саралаңыз, пікіріңізді негіздеңіз. Қылмыс құрамында қылмыстар көптігі бар ма?

Көше төбелесі кезінде М.Кривин бұзақылық ниетпен А. Семенов деген азаматқа бірнеше рет қол жұмсап, артынан екі рет денесіне пышақ салады. Сот медициналық сараптама қорытындысына сәйкес А. Семеновқа орташа ауырлықтағы зиян келтірілген.

4-тапсырма:

Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 79-бабының 7-бөлігіне сәйкес 14-баптың 3-бөлігінде қандай тіркестің артық қолданылып тұрғандығын байқадыңыз, ойыңызды негіздеңіз.

Топтағы барлық магистранттар белсенділік танытты, әрқайсына жеке тапсырма берілген соң, оны соңына дейін шешуге тырысты.

Сонымен қатар бұл әдістің төмендегідей бір қатар тиімділігіне де тоқталуға болады:

- білім алушылардың білімі анық бағаланады;
- қабілетті білім алушыларды анықтауға ықпал етеді;
- белсенділігі артады;
- ойлау қабілеті жақсарады;
- өзіне деген сенімділігі артады;
- өз деңгейін өзі бағалай алатын болады;
- ізденуге баулиды;
- білім алушыларды жаппай жұмыс жасауға әкеледі [2].

Деңгейлеп оқыту технологиясында тапсырмаларды орындау, соған сәйкес Білім алушы білімін бағалау төрт деңгейге бөлінеді [3].

Бірінші деңгей- міндетті деңгей, яғни мемлекеттік стандарттың минимум талаптарын орындау. Бұл деңгейдегі жұмыс үшін «қанағаттанарлық» деген баға қойылады.

Екінші деңгей-алгоритмдік деңгей. Бұл деңгейдің тапсырмасы міндетті деңгейдің тапсырмаларына қарағанда қиынырақ, тапсырманың мазмұны да, оның орындалу жолдары да күрделене түседі. Алған білімін бекіте түсу, одан әрі тереңдету мақсатында берілген тапсырмалар курсанттан өз білімін тапсырманы орындау барысында орынды қолдана білуді талап етеді. Мұндай тапсырмаларды орындаған курсант «жақсы» деген баға алады.

Үшінші деңгей-эвристикалық деңгей. Эвристикалық деңгейдегі тапсырмаларды орындау барысында Білім алушы жаңа тақырып бойынша меңгерген білімдерін жетілдіріп, тереңдете отырып, тағы да жаңа білімді меңгеруі тиіс. Мұндай тапсырманы орындаған курсант «өте жақсы» деген баға алады.

Төртінші деңгей- шығармашылық деңгей болғандықтан тапсырманың мақсаты тереңдетіліп, алған білімнің негізінде білім алушылардың өзіндік ізденісіне жол ашады, қиялы мен белсенді ой еңбегі жүзеге асырылады.

Сөйтіп, профессор Ж.Қараев технологиясында Л.Выготскийдің «Оқыту үдерісінде білім алушылар ақыл-ойының дамуы», «өзекті даму аймағынан», «жақын арадағы даму аймағына ауысуы» туралы теориясы басты негізге алынған. Мұнда, ең алдымен, білім алушылар өздігімен жаңа тақырыпты меңгеруіне қолайлы және қызықты тапсырмалар беріледі. Олар «сұрақ-жауап» диалогы түрінде беріліп, білім алушылардың дербестік қалпы мен танымдық іс-әрекетін дамытуға бағытталған. Бұл білім алушыларды жаңа тақырып бойынша заңдар мен ережелерді өздігінен қорытуға және анықтамаларды қарастыруға жетелейді.

Білім алушылар жаңа тақырып бойынша игерген білім сапасы оның жеке басы қабілетінің даму мониторингі бойынша анықталады. Оқытудың бұл технологиясы білім алушылардың өздігімен жүретін танымдық іс-әрекеті үшін тапсырмалар күрделілігі төрт деңгей бойынша құрастырылғанда; оқыту үдерісі –

мәселелік және даму ұстанымдары бойынша жүргізілгенде; барлық деңгейдегі тапсырмалар қызғылықты мазмұндалған жағдайларда білім алушыларда ынталану пайда болады. Сондықтан да осы технология бойынша жұмыс жасауда білім алушылардың, тіпті үзіліс кезінде де сабақтан бас алмайтындығын байқаймыз. Олар өзара бәсекелесе отырып жұмбақ, сөзжұмбақ, ребус сияқты әр деңгейдегі тапсырмаларды шешіп, өтіп жатқан тақырыптан барынша көп ұпай алуға тырысады.

Білім алушылардың өзіндік іздену іс-әрекетінің әдістерін меңгеру талап етіледі. Өйткені бұл әдістердің күнделікті пайдаланып жүрген оқыту әдістерінен айырмашылығы бар. Яғни, жаңа жағдайдағы «оқыту әдістемесі» деп отырғанымыз: «білім алушы-оқытушы» ұстанымының өзара тығыз байланыстығы. Демек, мұнда бірінші орында білім алушылар тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударылады.

Жаңаша оқытудың негізгі түрлері: оқытудың дербес және топтық түрлері болып табылады. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат –білім алушыларға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Ал оқытудың фронталды түрі, көбінесе, бағыт беру, талқылау және түзету енгізуде ғана пайдаланылады.

Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялық тағы бір психологиялық негізі болып табылатын теория – Л.С.Выготскийдің «оқыту үдерісінде білім алушылар ақыл-ойының дамуы «актуалды даму» аймағынан «жақын даму» аймағына ауысуы» туралы теориясы. Бұл ауысу тапсырмаларды қайталап орындауға ғана арналған бірінші деңгейден өнімді іс-әрекетті қажет ететін келесі деңгейлерге ауысу негізіндегі іс-әрекет арқылы жүзеге асады. В.П.Беспалько бұл деңгейлерді төртке бөледі: бірінші деңгей – «міндетті, білім алушыларлық», екінші – «алгоритмдік», үшінші – «эвристикалық», төртінші – «шығармашылық».

Білім алушылар қабілеті дегеніміз оның педагогикалық ықпал аясында білім алу әрекеті, жеке тұлғаны дамыта оқыту әдістері оның шығармашылық қабілетінің дамуына әсерін тигізеді.

Деңгейлеп оқыту технологиясы тиімді нәтижелі болуы үшін

а) жеке тұлға ерекшеліктеріне,

б) психологиялық даму ерекшеліктеріне,

в) пән бойынша білімді игеру деңгейіне көңіл бөліп отырамын.

Сабақ өткізу формаларын және түсіндіру әдістерінің жаңа тәсілдерін күнделікті сабаққа қолдану керек. Көбінесе мына жағдайларға көңіл бөлу қажет:

1) сабақтың мазмұны,

2) сабақты өткізудегі тәсілдері мен әдістерін таңдау,

3) сабақтың нәтижелілігі.

Білім алушылардың білім, білік, дағдыларын жетілдіру үшін, оқытудың қазіргі заманғы педагогикалық технологиясы бойынша, дифференциалды және дербес деңгейлік принциптерінің талаптарына сәйкес өткізілетін әртүрлі сабақ түрлеріне арналған жаңа тұрпаттағы оқулықтар мен оқу құралдары қажет. Бұлар: әңгімелесуші-оқулықтар және оларға қосымша төрт деңгейдегі тапсырмалар

берілген жұмыс дәптерлері. Әңгімелесуші-оқулық бойынша білім алушылар жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеріп, анықтама, ережелерін өзі шығарады.

Барлық білім алушылар жұмысын бір мезгілде бастап; әрқайсысы білім игерудегі өз қабілетіне қарай, өз билігіне жетеді. Бұл нақты пән бойынша ең нашар үлгеретін Білім алушыға тірек білімін ғана меңгеріп, үй тапсырмасын орындау барысында тек сүйікті пәні бойынша жоғарғы шығармашылық деңгейге дейін көтерілуіне уақыт үнемдеуіне себеп болады.

Нақтырақ айтсақ: әр білім алушының, әр пәннен 100% үлгеріміне қол жеткізудің кепілі болады және оқу пәнінің барлық тақырыбы бойынша, ең болмағанда міндетті бірінші деңгейді игеруін толық жүзеге асырады. Бұл, өз кезегінде, мемлекеттік стандарттардың минималды талаптарының орындалуына кепілдік беріп, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңының талаптарына сай келеді және дәстүрлі оқытудағы білім алушылардың артық жүктеме тарту проблемасын шешеді.

Олардың әрқайсысы 1-ші деңгейлік тапсырмаларды орындауға міндетті және жоғарғы деңгейлік тапсырмаларды орындауға құқылы. Сөйтіп, білім алушы, бір деңгейден бір деңгейге, өз білімін біртіндеп толықтыра отырып, өз қабілетін де жетілдіреді. Бұл жағдайда жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау әр Білім алушының күнделікті мақсатына айналады.

Қорыта келе, саралап-деңгейлеп оқыту технологиясының принциптері – оқытуды ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында, өздігімен даму бағдарын анықтап, дамиды және өздігімен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға қалыптастыруға болады.

Қашықтықтан оқыту технологиясына қатысты сұраныстың өсуі Қазақстанның географиялық ауқымын ескере отырып, қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың теориясы мен әдістемесі саласында жоғары білім деңгейін меңгерген маманды даярлауға деген қоғамның әлеуметтік тапсырысын қалыптастырады.

Қашықтықтан оқыту деп оқытушы мен білім алушылар арасында, сондай-ақ олардың және ақпараттық ресурстың интерактивті көзі (мысалы, web-сайт немесе web-беттер) арасында интерактивті өзара іс-қимыл ұйымдастырылатын педагогикалық қызмет түсініледі⁴.

Қашықтықтан оқыту жүйесі деп қашықтықтан оқытудың ерекшелігін ескере отырып, таңдалған концепция контекстінде оқу процесін жобалау, ұйымдастыру және өткізуді қамтитын педагогикалық жүйе түсініледі⁵.

ҚО жүйесінде жұмыс істеу үшін оқытушы «қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қабілетті білім беру телекоммуникациялары бойынша маман» және «қашықтықтан оқытуды жүргізетін, ақпараттық технологиялар саласында білімі бар, қашықтықтан оқытудың ерекшелігін,

^{1 4} Толковый словарь терминов понятийного аппарата информатизации образования / составители И.В. Роберт, Т.А. Лавина.- М.: Бином. Лаборатория знаний, 2012. – 69 с.

^{2 5} Педагогические технологии дистанционного обучения. Под редакцией Е.С. Полат. – М.: «Академия», 2008

қашықтықтан оқыту процесінде оқушылармен өзара іс-қимылдың психологиялық ерекшеліктерін ескеретін» болуы тиіс⁶.

ҚО жүйесі коммуникация құралдарын және интернет желісінің білім беру ресурстарын (веб-квесттер, телеконференциялар, виртуалды дискуссиялар, ситуациялық талдау, жобалар және т.б.) пайдалана отырып оқытушымен жүйелі сабақтар өткізуді көздейді. ҚО өткізу үшін тез дамып келе жатқан техникалық шешімдер жағдайында оқытушы ақпаратты ұсынудың жаңа технологияларын (инфографика, скрайбинг, интеллект-карталар, скетч, сторителлинг, уақытша шкала, толықтырылған шындық және т.б.), сондай-ақ тесттердің, интерактивтік үлгілердің әртүрлі түрлерін, автоматты сауалнамалар қолдана отырып, білім алушының қызметін автоматтандыруға мүмкіндік алады.

ҚО жүйесінде тиімді жұмыс істеу үшін оқытушы классикалық педагогика саласында ғана емес, интернет желісіндегі жұмыстың базалық ақпараттық сауаттылығы болып, қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру және өткізу әдістемесінде құзыретті болуы тиіс.

Осы мақсатта оқытушыны біліктілікті арттыру курстарында даярлау ұйымдастырылады және өткізіледі.

ҚО жүйесінде жұмыс істеу үшін дайындық курстарында оқыған оқытушылардың сауалнамаларын талдау, күмәнсіз позитивті тәжірибемен, дәстүрлермен және елеулі педагогикалық әлеуеттердің болуымен қатар бүгінгі күнгі біліктілікті арттыру курстарында (ДК) бірқатар кемшіліктердің барлығын көрсетеді. Олар: теориялық материалды жүйесіз беру, бір жүйеде жұмыс істеу бойынша технологиялық рәсімдерді зерделеу, мәселенің практикалық жағын ең аз зерделеу, жарнамалық бағыттағы ақпараттың болуы, курс барысында оқытушымен байланыстың болмауы, техникалық дағдылардың әдістемелік, бағдарламалардың күрделілігінің әртүрлі деңгейінің басым болуы және т.б.

Интернет желісінің білім беру сегментінде желілік педагогикалық қоғамдастықтар саны артып келеді, бұл педагогтардың қарым-қатынастың желілік технологияларына және қашықтықтан оқытуға деген қызығушылығының артқанын көрсетеді.

Фейсбук әлеуметтік желісіндегі кәсіби педагогикалық қоғамдастықтар (Facebook), Бүкілресейлік Интернет-педкеңес, мұғалімдердің Интернет-мемлекеті (ИнтерГу.(шығармашылық мұғалімдер желісі), КМ-wiki, Openklass, Әлеуметтік білім, білім беру блогерлері қауымдастығы, білім беру Лигасы, Өңірлік Wiki және тағы басқалар – бұл оқытушылар өз проблемаларын талқылайтын, әдістемелік материалдармен алмасатын, біліктілігін арттыратын, әртүрлі олимпиадаларға, конкурстарға (соның ішінде өз оқушыларымен бірге) қатысатын педагогикалық алаңдардың аз ғана бөлігі.

Кәсіби қауымдастықтардан басқа Интернет желісінде оқытушыға көмек ретінде көптеген білім беру ресурстары бар – пәндік сайттар, қашықтықтан сабақтар, электрондық оқулықтар, электрондық оқулықтардың ашық каталогтары (сандық білім беру ресурстарының бірыңғай ұлттық коллекциясы, ақпараттық-

³⁶ Теория и практика дистанционного обучения. Под редакцией д.п.н., профессора Е.С. Полат. – М.: «Академия», 2004.

білім беру ресурстары Федералдық орталығының оқу модульдерінің каталогы (ФЦИОР), «білім беру ресурстарына қолжетімділіктің бірыңғай терезесі» оқу өнімдерінің каталогы). Сонымен қатар, Интернет желісі көптеген коммуникациялық сервистерге толы, олар оқу үрдісінде қолайлы үйлеседі – форумдар, e-mail, вики-вики, блогтар, делишес, скайп, zoom (және басқа видеоконференцияларға арналған бағдарламалар), тарату тізімдері және т. б.

ҚО процесінде интернет желісінің білім беру ресурстарын пайдалану жаңа кәсіби міндеттерді шешуді және пән бойынша желілік контентті, коммуникациялық құралдарды және оны оқу процесі шеңберінде пайдалану әдістемесімен байланысты оқытушы қызметінің жаңа түрлерінің болуын білдіреді.

ҚО жүйесінде жұмыс істейтін оқытушылардың қызмет түрлерін зерттеумен А. А. Андреев, Г. А. Андрианова, Л. В. Бендова, Т. В. Громова, З. Р. Девтерова, А. А. Калмыков, В. И. Солдаткин және басқалар айналысты.

Л. В. Бендованың зерттеуінде тьютор ашық қашықтықтан білім беру жүйесінде қолданатын негізгі технологиялар ерекшеленеді. «ЛИНК» ОДО МИМ - педагогикалық, ақпараттық-коммуникациялық, желілік жүйе болып табылады. Бұл білім беру бағдарламасының ерекшелігі. Британдық ашық университетпен бірлесіп іске асырылатын «ЛИНК» ОДО МИМ жүйесінде ақпарат көзі педагог емес, студент өз бетінше игеретін оқу материалдары болып табылады.

Ал тьютордың қызметі жүйеде төрт мамандықты біріктіру ретінде түсіндіріледі: оқытушы, коуч, жаттықтырушы және басқару консультанты [19].

Сонымен қатар, «желі» дегеніміз Интернет желісі емес, 80-нен астам Ресей мен жақын шетел қалаларында өңірлік орталықтар желісі болып табылады. Осылайша, тьютордың қызмет моделінің жүйелі сипаттамасы, тьютордың құзыреттілік моделі, тьюторларды аттестаттау және дайындау жүйесі ең алдымен «ЛИНК» ОДО МИМ жүйесі үшін, сондай-ақ ересектерге бизнес-білім беру саласы үшін практикалық қызығушылық болып табылады.

А. А. Калмыковтың зерттеуінде «ҚО оқытушысының ғаламтордағы» қызмет түрлерінің топтары құрылған, олар жалпы сипатқа ие және оның ішінде күндізгі бөлімдегі оқытушы үшін де өзекті:

1. Тиісті деңгейдегі маманның өркениеттік және жалпы мәдени нормаларына сәйкес келетін қызмет түрлері.

2. Адамгершілік және дүниетанымдық міндеттерді шешумен, ұлттық, мәдени, діни сәйкестендірумен, сондай-ақ тұлғалық өзіндік сәйкестендірумен байланысты қызмет түрлері.

3. Кәсіптің, мамандықтың талаптарымен белгіленетін қызмет түрлері [52].

Т. В. Громованың жұмысында МДҰ оқытушысының педагогикалық қызметінің негізгі функционалдық компоненттерінің мәні (оқыту процесін жобалау, білім алушыларды сүйемелдеу және дамыту функциялары, басқарушылық, Бақылау-диагностикалық, ақпараттық-мазмұндық, мотивациялық, ұйымдастырушылық-іс-әрекет, консультациялық, коммуникативтік, рефлексивті) ашылған, олар жеке тұлғаға бағытталған, контекстік және іс-әрекет тәсілдері тұрғысынан келесі негізгілерге топтастырылған: 1) ұйымдастырушылық; 2) ақпараттық; 3) коммуникативтік; 4) дамытушы мамандықтар [41].

В. И. Солдаткин тьютор қызметінің табыстылығы бірқатар жағдайларға байланысты деп санайды. Тьютор қызметінің ерекшелігін, оған қойылатын талаптарды, тьютор тап болуы мүмкін проблемаларды талдауға сүйене отырып, автор тьютордың табысты қызметін қамтамасыз ететін шарттардың үш тобын бөлді:

-педагогикалық – олар ҚО-дың психологиялық-педагогикалық принциптерін және педагогикалық үдерісті ұйымдастыруды ескере отырып, педагогикалық тәсілдердің осы кезеңінде оқытудың әр түрлі және барабар мақсаттарына (мысалы, қатысуды көтермелеу, сарапшыларды тарту), оқытудың бүкіл процессінде интерактивтілікті қамтамасыз ету;

-ұйымдастырушылық -коммуникативтік – жалпы түрде олар қарым-қатынас психологиясын, жақсы тонның ережелерін, студенттердің оқу процесіне қатыстылығын және мотивациясын арттыру тәсілдерін, басқару мен қарым-қатынастың дұрыс стилін таңдауды білдіреді;

-техникалық – компьютерлік байланыс құралдарына (тьюторға да, студенттерге де), компьютерлік қолжетімділікті білдірелді;

- ҚО процесіне қатысушылардың сауаттылығы [109].

Г. А. Андрианованың зерттеуінде қашықтықтан оқытуда оқушылардың шығармашылық қызметін ұйымдастыру технологиясы әзірленген. Оның аясында қашықтықтан білім беру қызметін үйлестіруші-педагогқа қажетті: ұйымдастырушылық-педагогикалық, рефлексиялық-аналитикалық, жобалау, ақпараттық, телекоммуникациялық, техникалық-практикалық, жеке тұлғалық қасиеттері мен біліктілігінің жеке блоктары белгіленген [13].

ҚО жүйесінде жұмыс істеген кезде оқытушылардың қызмет түрлерінің зерттеулеріне шолу жасау оқытушы қызметін сипаттайтын тұжырымдар мен тәсілдердің көптігін көрсетті. Бұл мәселені шешуде әр оқытушы өз білімі мен біліктілігіне, тәжірибесіне сүйенеді деп пайымдаймын. Эмпирикалық материал жинақтау барысында жүргізілген сауалнама негізінде ҚО жүйесінде жұмыс кезінде оқытушының шешетін мәселелерді жүйелеп, төмендегідей кестеге түсірдік.

Кесте 1. ҚО жүйесінде жұмыс кезінде оқытушы шешетін мәселелер:

	Міндет түрі	Шешілетін сұрақтар шеңбері
.	Әдістемелік	<ul style="list-style-type: none"> - ҚО курсы үшін оқыту мазмұнын іріктеу; - ҚО үшін мақсаттарды, міндеттерді тұжырымдау; - ҚО үрдісін әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу; - ҚО-дың педагогикалық технологияларын зерделеу және пайдалану; - ҚО-ды пайдалану кезінде бақылау жүйесін таңдау және пайдалану.
.	Ұйымдастырушылық	<ul style="list-style-type: none"> - қашықтықтан оқыту шеңберінде білім алушылармен, әріптестерімен және

		<p>әлеуметтік әріптестермен (мекемелер, ұйымдар), ата-аналармен (оларды алмастыратын адамдар) ҚО жағдайында қарым-қатынас жасауды және өзара іс-қимыл процесін ұйымдастыру;</p> <ul style="list-style-type: none"> - сабақтан тыс қызметте білім алушылармен (қашықтық олимпиадаларға қатысу, конкурстар, фестивальдер) нысаны мен өзара іс-қимылды ұйымдастыру; - ҚО-ды пайдалана отырып білім беру үрдісін құжаттамалық қамтамасыз ету; - ҚО-дағы коммерциялық қызмет (маркетинг, менеджмент, білім беру қызметінің жарнамасы).
.	Психологиялық-педагогикалық	<ul style="list-style-type: none"> - білім алушылардың ҚО жағдайындағы әлеуметтік-психологиялық қызметін реттеу; -ҚО жағдайында білім алушыларды тәрбиелеу және тұлға ретінде қалыптастыру;
.	Пәнді оқыту проблемалары	<ul style="list-style-type: none"> - оқу іс-шараларын онлайн және офлайн режимде өткізу; - білім алушылармен, әріптестерімен, әкімшілікпен, өкілдермен, басқа ұйымдармен, ата-аналармен кәсіби қарым-қатынас.
.	Тұлғалық даму проблемалары	<ul style="list-style-type: none"> - ҚО саласында біліктілікті арттыру; - қауымдастықтардың виртуалды педагогикалық жұмыстарына қатысу; - ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу.

Қашықтықтан оқытуды үздіксіз білім берудің макрожүйесіндегі оқытудың басқа форматтарынан оқшау, автономды бола алмайтын жүйе ретінде қарастыру қажет. ҚО күндізгі оқыту сияқты мақсаттар мен мазмұнға сәйкес құрылады. Бірақ оқу материалын беру және ұйымдастыру нысаны, өзара іс-қимыл түрлері білім беру процесіне қатысушылардың өзге де нысандарымен, ҚО-да оқу үдерісін ұйымдастырудың дидактикалық принциптері арнайы тәсілдермен, Интернет желісінің ақпараттық ортасының мүмкіндіктерімен, қызметтерімен жүзеге асырылады. Бір жағынан, ҚО үздіксіз білім берудің жалпы жүйесінде қарастыру қажет, оның жекелеген буындарының сабақтастығын көздейді. Екінші жағынан, ҚО оның құрамдас бөліктерін - педагогикалық жобалау кезеңін, яғни жүйенің құрамдас бөліктерін (мақсаты, мазмұны, әдістері, ұйымдастырушылық нысандары

мен оқыту әдістері) және Интернет желісінде оқу процесін іске асыру кезеңін әзірлеуді қарастыру қажет [117].

Осыған байланысты оқытушының ҚО жүйесіндегі ұйымдастыру қызметін 2 кезеңге бөлуге болады:

- А) Білім алушылардың оқу қызметін қашықтық форматта ұйымдастыру;
- Ә) Қашықтықтан оқыту курсы жүзеге асыру.

Қашықтықтан білім алушылардың оқу қызметін ұйымдастыру кезеңінде оқытушы бірқатар әдістемелік және ұйымдастыру мәселелерін шешеді. Қашықтықтан оқыту курсы жүзеге асыру кезеңі коммуникативтік және техникалық мәселелерді шешумен байланысты. Екі кезең ішінде оқытушының өзін-өзі дамытуға ұмтылуы да маңызды. Қалыптасқан тәртіп бойынша қандай да бір салада қызметтің жаңа түрлерінің пайда болған сәтте ең алдымен еңбек заңнамасына жаңа лауазым құжатпен енгізіліп, оған «лауазымдық міндеттер», «білуге тиіс», «біліктілікке қойылатын талаптар» бөлімдері кіреді [93].

Қашықтықтан оқытудың пайда болу жағдайында қарама-қайшылық көп. ХХ ғасырдың 90-шы жылдарының соңынан бастап дистанциялық мұғалімдер (мектептерде) пайда бола бастады. Сонымен қатар, РАО (орталық директоры А. В. Хуторский) қолдауымен «Эйдос» БДО өткізетін «жылдың Дистанционды мұғалімі» байқауы да осыған ықпал етті [31]. Қалай болғанда да осы күнге дейін қашықтықтан оқыту технологиясын пайдаланушы оқытушылардың кәсіби міндеттері заңнамалық тұрғыдан толығымен реттелмеген.

ҚО жүйесінде жұмыс істейтін оқытушының қызметін нақтылау және оның дайындық сапасын арттыру мақсатында ҚО жүйесінде оқытушыға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу қажет деп пайымдаймыз. Кәсіби қызметтің жаңа түрін орындау үшін жаңа біліктілік алу қажет. Оларды анықтау үшін кәсіби стандарт қолданылуы мүмкін. Бұл ретте кәсіптік стандарттар негізінде қосымша кәсіби бағдарламаларды әзірлеу бойынша әдістемелік ұсыным-түсіндірулерде түсіндірілетін білім беруде және кәсіби стандарттарда қолданылатын терминологияның айырмашылықтарын ескеру қажет [76] деп пайымдаймыз.

Еңбек функциялары мен еңбек әрекеттері кәсіби міндеттер мен кәсіби құзыреттерге сәйкес болуы мүмкін. Құзыреттілік-білімді, іскерлікті динамикалық комбинациясы және оларды табысты кәсіби қызмет үшін қолдану қабілеті [76].

ҚО жүйесінде оқытушы қызметінің анықталған түрлерінің негізінде жалпыланған еңбек қызметі қалыптасты (2-кестені қараңыз), еңбек қызметі – бұл нақты өндірістік процесте еңбекті бөлу нәтижесінде қалыптасқан өзара байланысты еңбек функцияларының жиынтығы.

Кесте 2. ҚО жүйесінде жұмыс істеу кезіндегі оқытушының жалпы еңбек қызметі

	Қызмет түрі	Жалпы еңбегі
.	Әдістемелік қызмет (Қашықтықтан оқу процесін ұйымдастыруды әдістемелік қамтамасыз ету).	Қашықтықтан оқыту технологияларын (ҚОТ) пайдалана отырып білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.

	Психологиялық-педагогикалық қызмет (ҚО жағдайында оқу қызметін реттеу).	Пәнді (курсты) қашықтықтан оқыту.
	Құжаттың электрондық нысанын қолдана отырып, білім алушылардың оқу және зерттеу жұмыстарын (білім алушылармен қашықтықта сабақ өткізу, бақылау жасау және бағалау) жүргізуге бағытталған оқытушы қызметі.	
	Зерттеу қызметі (қашықтықтан оқыту үдерісі мен нәтижелерін зерттеу).	
	Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет (Қашықтықтан оқу процесін пәнді оқыту шеңберінде сабақтан тыс жұмыста ұйымдастыру).	Қашықтықта сабақ беретін оқытушының білім алушылармен өзара іс-қимылын ұйымдастырушылық-техникалық тұрғыдан сүйемелдеу.

Осылайша, үш негізгі жалпылама еңбек функциясы анықталды:

1. ҚОТ қолдана отырып білім беру бағдарламаларын іске асыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.

2. Оқу пәнін (курсын) қашықтықтан оқыту.

3. Қашықтықтан оқытушының білім алушылар тобымен өзара іс-қимылын ұйымдастыру-техникалық тұрғыдан сүйемелдеу.

Стандарт форматы бойынша жалпыланған еңбек қызметі жеке лауазымды білдіретіндіктен, бұдан әрі еңбек қызметі мен лауазымдардың ықтимал атаулары көрсетіледі (3-кестені қараңыз). Еңбек қызметі– осы құжаттың мақсаттары үшін жалпыланған еңбек қызметі шеңберінде еңбек үрдісінің автономды және аяқталған бөлігін орындауға бағытталған еңбек іс-қимылдарының жүйесі [75].

Кесте 3. Еңбек қызметі мен лауазымның ықтимал атаулары

	Жалпы еңбек қызметі	Еңбек қызметі	Лауазымдардың ықтимал атаулары
	ҚОТ қолдана отырып білім беру бағдарламаларын асыруды ғылыми-әдістемелік жүзеге	1) ҚОТ қолдана отырып, білім беру бағдарламаларын асыруды ғылыми-әдістемелік және оқу-	Қашықтықта н оқыту курстарын әзірлеуші, қашықтықтан оқыту бойынша

	қамтамасыз ету	әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу және әзірлеуді ұйымдастыру; 2) Қашықтықта оқытуды ұйымдастыруға арналған ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік материалдарды рецензиялау және сараптамадан өткізу.	әдіскер, қашықтықтан оқыту курстары мазмұнының кураторы.
.	Оқу пәнін (курсты) қашықтықта оқыту	1) Білім алушылардың оқу пәндері, курстар, пәндер (модульдер) білім беру бағдарламалары бойынша қашықтықтан білім алуларын ұйымдастыру; 2) Оқу пәндері (Модульдер), курстар, білім беру бағдарламалары бойынша қашықтықтан оқыту.	Қашықтықта н сабақ беретін оқытушы, нақты пән оқытушысы.
.	Қашықтықтан білім беретін оқытушының білім алушылар тобымен өзара іс-қимылын ұйымдастырушылық - техникалық тұрғыдан сүйемелдеу.	1) Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырушылық қамтамасыз ету; 2) Қашықтықтан білім алушыларға техникалық қолдау жасау.	Қашықтықта н оқыту бойынша менеджер, қашықтықта н білім беретін оқытушының көмекшісі, қашықтықтан оқыту бойынша куратор, қашықтықта н оқытуды ұйымдастыр ушы

Осылайша, кәсіби стандарт ҚО жүйесіндегі маманның үш негізгі жалпы еңбек және еңбек қызметін сипаттауды қамтиды. ҚО жүйесінде жұмыс істеген кезде оқытушының жалпы еңбек қызметі шеңберінде келесі еңбек қызметтері бөлінеді:

1. Білім алушылардың оқу пәндерін, курстарды, пәндерді (модульдерді) меңгеру бойынша қашықтықтан оқыту қызметін ұйымдастыру.

2. Білім беру бағдарламалары бойынша оқу пәндерін, курстарды, пәндерді (модульдерді) қашықтықтан оқыту.

Әрбір еңбек қызметі ҚО жүйесіндегі оқытушының еңбек іс-әрекеттерін сипаттаудан тұрады. Еңбек әрекеті-белгілі бір, алдын ала қойылған мақсатқа қол жеткізілетін қызметкердің еңбек затымен өзара іс-қимыл жасау үрдісі [75].

ҚО жүйесінде оқытушыға қойылатын біліктілік талаптарын неғұрлым егжей-тегжейлі қалыптастыру үшін оның қызметінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін және мәнін қалыптастыру қажет.

ҚО жүйесіндегі оқытушының педагогикалық қызметінің мақсаты білім алушыларда Ақпараттық, іскерлік және әлеуметтік құзыреттіліктерді еңбек нарығында кәсіпқойдың бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын негізгі ретінде дамыту үшін оңтайлы жағдай жасау және әр түрлі қызмет салаларында қазіргі адамның табысты өзін-өзі жүзеге асыруы болып табылады.

ҚО жүйесіндегі оқытушының кәсіби қызметінің пәні Қашықтықтан оқу процесін жүргізу болып табылады.

ҚО жүйесіндегі оқытушының педагогикалық қызметінің міндеттері:

- оқушылардың жаңа ақпараттық білім беру кеңістігін игеруіне жағдай жасау;

- қашықтықтан оқыту курстары түрінде ұсынылған оқу материалдарын меңгеруде оқушыларды әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету;

- оқушылардың сыни және шығармашылық ойлауын, сондай-ақ ақпараттық кеңістікте тиімді жұмыс істеу үшін қажет жалпы оқу дағдылары мен оқу іс-әрекетінің тәсілдерін қалыптастыру;

- оқушылардың танымдық іс-әрекетінің тұрақты уәждемесін дамыту;

- оқушылардың өз бетінше білім алу қажеттілігін қалыптастыру және дамыту-оқыту процесін оңтайландыру үшін қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдану дағдыларын қалыптастыру.

ҚО жүйесіндегі оқытушы қызметінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін және мәнін ескере отырып, оның негізгі еңбек әрекеттерін тұжырымдаймыз.

Кесте 3. ҚО жүйесіндегі оқытушының еңбек әрекеттері

	Еңбек қызметі	Еңбек әрекеттері
.	Білім алушылардың оқу пәндерін (модульдер), курстарды, білім беру бағдарламаларын меңгерулері бойынша қашықтықтан оқуларын ұйымдастыру	- курс, пән (Модульдер) білім беру бағдарламасын зерделеу; - қашықтықта оқыту курсының әкімшілік және ұйымдастыру құжаттамасын әзірлеу; - білім алушылар деңгейіне қатысты теориялық, практикалық және бақылау материалдарын бейімдеу.
.	Білім беру бағдарламалары бойынша оқу пәндері (модульдер), курстарды қашықтықтан	- қашықтықтан оқыту курсы әзірлеуші дайындаған әдістемелік материалдар бойынша қашықтық режимінде оқу сабақтарын өткізу;

	оқыту	<ul style="list-style-type: none"> - білім алушылардың оқу және зерттеу жұмыстарын құжаттаманың электрондық нысанын қолдана отырып бақылау және бағалау; - білім алушылардың коммуникативті іс-әрекетін басқару, желілік этикетті сақтау; - білім алушылардың білімі мен білуін, алған дағдылары мен шығармашылық танымдық қызығушылығын ескере отырып пән (курс) бойынша оқу сапасын бағалау; - курс әзірлеушісімен, педагог-куратормен, психологпен, ата-аналар немесе оларды алмастыратын адамдармен байланыста болу; - өзін-өзі жетілдіру және педагогикалық қызметті өздігінше бағалау.
--	-------	---

Бұл еңбек функциялары мен іс-әрекеттерінің тізбесі ҚО жүйесінде оқытушы жұмысының басты мақсатына қол жеткізу үшін, яғни білім алушылардың ақпараттық, іскерлік және әлеуметтік құзыреттіліктері еңбек нарығында олардың бәсекеге қабілеттілігін және қызметтің әр түрлі салаларында қазіргі адамның өзін-өзі жүзеге асыру табыстылығын анықтаушы негіз ретінде дамыту, оңтайлы жағдай жасау үшін жеткілікті болып табылады. Әрбір еңбек әрекетін сипаттау үшін тізбе әзірленіп, ол ҚО жүйесінде жұмыс істеу үшін оқытушыға қойылатын біліктілік талаптарын құрайды. Тізбе шешетін міндеттер шеңберін және оның қызмет түрлерін зерттеуге негізделген. Әрбір еңбек әрекетінің сипаттамасы қажетті білімнің, іскерліктің және басқа да сипаттамалардың сипаттамасын қамтиды (кесте 3 қараңыз).

ҚО жүйесіндегі оқытушыларға қойылатын біліктілік талаптары «Қашықтықтан оқыту саласындағы педагогикалық қызмет» кәсіби салалық стандарт нысанында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі оқыту бағдарламаларын әзірлеу үшін негіз ретінде алуға болады деп пайымдаймыз.

Сөйтіп, ҚО жүйесінде оқытушы шешетін міндеттер шеңберін және оның қызмет түрлерін зерттеуге негізделген оқытушыға қойылатын біліктілік талаптары әзірленді.

Осы бөлімше бойынша төмендегідей қорытындылар жасаймыз:

1. Оқытудың инновациялық әдістері, көп деңгейлік тапсырмалар мен қашықтықта оқыту жүйесі қазіргі уақыт талабына жауап беретін технологияларға жатады. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде қашықтықта оқыту технологиясын қолдана отырып, тапсырмаларды инновациялық әдістер мен көп деңгейлік тапсырмалар беру арқылы дамыту тәжірибе жүзінде өз тиімділігін көрсетері анық.

2. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ҚО жүйесінде оқытушы өзінің кәсіби қызметі шеңберінде шешетін негізгі міндеттер жүйелендірілген

